

«Шинхан Банк Қазақстан» АҚ

**2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
қаржылық есептілік және**

тәуелсіз аудитор есебі

«Шинхан Банк Қазақстан» АҚ

Мазмұны

	Бет
Қаржылық есептілікті дайындауға және бекітуге жауапкершілік туралы басшылықтың мәлімдемесі	3
Тәуелсіз аудитор есебі	4-6
2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілік:	
Пайда немесе зиян және басқа жиынтық кіріс туралы есеп	7
Қаржылық жағдай туралы есеп	8
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп	9
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	11
Қаржылық есептілікке ескертпелер	11-69

«Шинхан Банк Қазақстан» АҚ

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікті дайындауға және бекітуге жауапкершілік туралы басшылықтың мәлімдемесі

Ұсынылған тәуелсіз аудитор есебінде келтірілген аудиторлар міндеттемелерінің сипаттамасымен бірге қаралуға тиіс төменде келтірілген мәлімдеме аудиторлардың «Шинхан Банк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі мәтінде – «Банк») қаржылық есептілігіне қатысты аудиторлардың жауапкершілігін айыру мақсатында жасалған.

Банк басшылығы 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің қаржылық жағдайын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - ХҚЕС) сәйкес барлық маңызды аспектілерде анық көрсететін қаржылық есептілікті дайындау үшін, сондай-ақ оның қызметінің қаржылық нәтижелері, ақша қаражаттарының қозғалысы және сол күні аяқталған жыл үшін меншікті капиталдың өзгерістері үшін жауапкершілік көтереді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық төмендегілер үшін жауапкершілік көтереді:


- тиісті бухгалтерлік есеп қағидаларының таңдап алынуы және олардың жүйелі қолданылуы;
- негізді бағалаулар мен есептеулердің қолданылуы;
- ХҚЕС талаптарының орындалуы және қаржылық есептілікке ескертпелерде ХҚЕС барлық елеулі ауытқулардың ашылуы; және
- қаржылық есептіліктің Банк жақын болашақта қызметін жалғастырады деген жорамалға сүйеніп, мұндай жорамала жасау заңды болып табылатын жағдайларды қоспағанда, дайындалуы.

Сондай-ақ басшылық мыналар үшін жауапкершілік көтереді:

- Банкте ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесінің әзірленуі, енгізілуі және жұмыс істеуінің қамтамасыз етілуі;
- Банктің қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті дәлдік дәрежесімен кез келген жағдайда дайындауға және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесінің сақталуы;
- бухгалтерлік есептің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілуі;
- Банк активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша өз құзыретінің шегінде қисынды қолдануға болатын шаралардың қабылдануы;
- алаяқтық және басқа да теріс пайдалану фактілерінің айқындалуы және алдының алынуы.

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікті 2018 жылғы 06 сәуірде «Қазақстан Шинхан Банкі» АҚ басшылығы бекіткен.

Басшылықтың атынан:


Басқарма Төрағасы
Ким Хен Хван

«06» сәуір 2018 жыл
Алматы қ., Қазақстан Республикасы


Бас бухгалтер
Жақсыбаева Г.Ш.



Тел.: +7 727 331 31 34
Факс: +7 727 331 31 35
info@bdokz.com
www.bdokz.com

Tel: +7 727 331 31 34
Fax: +7 727 331 31 35
info@bdokz.com
www.bdokz.com

ТОО "BDO Kazakhstan"
ул. Габдуллина, 6
Алматы, Казахстан
A15H4E3

BDO Kazakhstan LLP
6 Gabdullin Street
Almaty, Kazakhstan
A15H4E3

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

«Шинхан Банк Қазақстан» АҚ Директорлар кеңесіне және Басқармасына

Аудиторлық қорытынды

Пікір

Біз «Шинхан Банк Қазақстан» АҚ-ң (бұдан әрі - «Банк») 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есептен, көрсетілген күні аяқталған жыл үшін пайда немесе зиян және басқа жиынтық кіріс туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелерінің қысқаша сипаттамасынан және басқа түсіндірме ескертпелерден құралатын тіркелген қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікіріміз бойынша, барлық маңызды аспектілердегі тіркелген қаржылық есептілік Банктің 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ аталған күні аяқталған жыл үшін оның қызметінің қаржылық нәтижелерін және ақша қаражаттарының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес шынайы көрсетеді.

Пікір білдіру үшін негіз

Біз аудитті Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес жүргіздік. Біздің осы стандарттарға сәйкес міндеттеріміз біздің есебіміздің төмендегі «Қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың есебі» бөлімінде сипатталған.

Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне (БАХӨСБ кодексі) және Қазақстанда біздің қаржылық есеп аудитімізде қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Банкке қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз өзіміздің басқа да этикалық міндеттемелерімізді БАХӨСБ кодексіне сәйкес орындадық. Біз аудит жүргізу барысында алынған дәлелдер жеткілікті және біздің аудиторлық пікірімізді білдіру үшін негіздеме болуға лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Басқа мәліметтер

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және сол күні аяқталған жыл үшін "Қазақстан Шинхан Банкі" АҚ-ң қаржылық есептілігіне аудитті 2017 жылғы 31 наурызда көрсетілген қаржылық есептілік бойынша пікірін ескертусіз білдірген басқа аудитор жүргізді.

Басшылықтың және корпоративтік басқару, қаржылық есептілік үшін жауапты тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық аталған қаржы есептілігін ХҚЕС –ға сәйкес дайындау және әділ ұсыну үшін және басшылық алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер нәтижесінде жол берілген айтарлықтай бұрмалаушылықтары жоқ қаржы есептілігін дайындау үшін қажетті деп есептейтіндей ішкі бақылау үшін жауапты.

Қаржы есептілігін дайындау кезінде басшылық Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау үшін, сәйкес жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашу үшін және басшылық Банкті таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеті болған немесе онда тарату немесе қызметті тоқтатудан басқа қандай да бір басқа нақты балама болмаған кезден басқа жағдайларда қызметтің үздіксіздігі туралы болжам негізінде есептілік құрау үшін жауап береді.

Корпоративті басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар Банктің қаржы есептілігін дайындауды қадағалау үшін жауап береді

Қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржы есептілігінде алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан маңызды бұрмалаушылықтар жоқ деген саналы сенімділікке ие болудан және біздің пікіріміз көрсетілген аудиторлық қорытынды шығарудан тұрады. Саналы сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит егер олар болған жағдайда үнемі маңызды бұрмалаушылықтарды анықтайтынының кепілдемесі болып табылмайды. Бұрмалаушылықтар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жекелеп алғанда немесе жинақтала келе осы қаржы есептілігі негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешіміне әсер ете алады деп негіздемелі түрде болжамдауға болса маңызды деп саналады.

Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит аясында біз кәсіби пайымдауларды қолданамыз және бүкіл аудит бойына кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Сонымен қатар біз келесілерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржы есептілігінің маңызды бұрмалаушылықтары тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін негіздеме қызметін атқару үшін жеткілікті және лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдемелер аламыз.

Алаяқтық әрекеттер нәтижесіндегі маңызды бұрмалаушылықтарды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесіндегі маңызды бұрмалаушылықтарды анықтамау тәуекелінен гөрі жоғары, себебі алаяқтық әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана әрекет, ақпаратты немесе әрекетті ішкі бақылау жүйесін айналып өтіп бұрмалап ұсыну жатуы мүмкін;

- жағдаяттарға сәйкес аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, бірақ Банктің ішкі бақылау жүйесі тиімділігі туралы пікірін білдіру мақсатында емес аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі түсінігін аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және бухгалтерлік бағалау мен басшылық дайындаған ақпаратты сәйкесінше ашу негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы болжамды қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – соның нәтижесінде Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне маңызды күдік туындауы мүмкін оқиғалар немесе шарттармен байланысты айтарлықтай белгісіздік бар – жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер айтарлықтай белгісіздік бар деген

қорытындыға келсек, біз аудиторлық қорытындымызда қаржы есептілігінде ақпаратты лайықты ашуға назар аудартуымыз қажет немесе ақпаратты мұндай ашу лайықты емес болып табылса өз пікірімізді түрлендіруіміз қажет. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлық түйінге дейінгі мерзімде алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда болашақтағы оқиғалар немесе шарттар Банк өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтып алуына алып келуі мүмкін;

- қаржы есептілігін тұтас алғанда, ақпаратты ашуды, сондай-ақ қаржы есептілігі оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуы қамтамасыз етілетіндей ұсынатындығын қоса алғандағы оның құрылымы мен мазмұнын ұсынуды бағалауды жүргіземіз.

Біз корпоративтік басқару өкілеттілігіне ие тұлғалармен, оларға басқасымен қатар, аудиттің жоспарланған көлемдері мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижесі бойынша маңызды ескертулер туралы, оның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің айтарлықтай кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, ақпараттық өзара әрекеттестікті жүзеге асырамыз.

Нәтижелері бойынша осы тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі шығарылған тапсырманың жетекшісі:



Ирина Литвинчик

22.12.2014 ж. ҚР Аудиторларды
аттестациялау комиссиясы берген
№0000223 аудитордың біліктілік куәлігі

«BDO Kazakhstan» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
аудиторлық қызмет жүргізу үшін 2015 жылғы 19
ақпанда берген мемлекеттік лицензияның
№150003448.



Омаров Т.А

«BDO Kazakhstan» ЖШС директоры

Алматы қ.,

«06» сәуір 2018 жыл

		31.12.2017 аяқталған жыл үшін	31.12.2016 аяқталған жыл үшін
<i>Мың теңгемен</i>	Ескер.		
Пайыздық кірістер	4	2,156,401	1,596,479
Пайыздық шығыстар	4	(587,550)	(208,061)
Таза пайыздық кіріс	4	1,568,851	1,388,418
Комиссиялық кірістер	5	61,283	58,313
Комиссиялық шығыстар	6	(44,749)	(19,195)
Таза комиссиялық кіріс		16,534	39,118
Шетел валютасымен жасалған операциялардан түсетін таза пайда	7	133,607	104,932
Басқа операциялық кірістер (шығыстар), нетто		(18,354)	(5,500)
Операциялық кірістер		1,700,638	1,526,968
Резервтерді құру	15,18	(425,516)	-
Қызметкерлерге жұмсалатын шығындар	8	(644,392)	(614,695)
Басқа жалпы шаруашылық және әкімшілік шығындар	9	(410,402)	(324,404)
Табыс салығын шегергенге дейінгі пайда		220,328	587,869
Табыс салығы бойынша шығындар	10	(35,046)	(107,888)
Бір жыл ішіндегі пайда		185,282	479,981
Табыс салығы шегерілген басқа жиынтық залар			
<i>Қайта жіктелген немесе кейіннен пайданың немесе зиянның құрамына қайта жіктеулі мүмкін баптар:</i>			
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв			
- өділ құнның таза өзгеруі		94,146	(93,699)
Табыс салығы шегерілген бір жыл ішіндегі басқа жиынтық зиян		94,146	(93,699)
Бір жыл ішіндегі барлық жиынтық кіріс		279,428	386,282
Бір акциядан түскен пайда			
Бір акциядан түсетін базалық пайда (теңгемен)	23	184.75	478.61

Басшылықтың атынан:

Басқарма Төрағасы
Ким Хен Хван«06» сәуір 2018 жыл
Алматы қ., Қазақстан РеспубликасыБас бухгалтер
Жақсыбаева Г.Ш.

«ҚАЗАҚСТАН ШИНХАН БАНКИ» АҚ

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

<i>Мың теңгемен</i>	Ескер.	31.12.2017	31.12.2016
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	11	13,317,576	5,778,342
Банктердегі шоттар мен депозиттер	12	320	666,900
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтері	13	1,134,941	1,299,299
Банктерге берілген кредиттер	14	-	675,193
Клиенттерге берілген кредиттер:			
- ірі кәсіпорындарға берілген кредиттер	15	2,210,981	4,942,902
- шағын және орта кәсіпорындарға берілген кредиттер	15	6,499,147	4,596,527
- бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттер	15	2,552,141	2,441,855
Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар	16	3,720,500	1,916,066
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	17	241,678	256,067
Корпоративтік табыс салығы		73,012	39,699
Басқа активтер	18	152,970	179,259
Барлық активтер		29,903,266	22,792,109
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Банктердің шоттары мен депозиттері	19	249,717	2,045,714
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері			
- корпоративтік клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	20	9,319,094	6,497,770
- бөлшек сауда клиенттерінің ағымдағы шоттары мен депозиттері	20	2,584,283	1,677,407
Халықаралық қаржы ұйымдарының займдары	21	4,794,954	-
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	10	34,777	49,903
Басқа міндеттемелер	22	211,471	91,773
Барлық міндеттемелер		17,194,296	10,362,567
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	23	10,028,720	10,028,720
Қосымша төленген капитал	23	144,196	144,196
Резервтік капитал		279,516	279,516
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв		(215,420)	(309,566)
Бөлінбеген пайда		2,471,958	2,286,676
Барлық капитал		12,708,970	12,429,542
Барлық міндеттемелер және капитал		29,903,266	22,792,109

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ
ЕСЕП

<i>Мың теңгемен</i>	31.12.2017 аяқталған жыл үшін	31.12.2016 аяқталған жыл үшін
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы		
Алынған пайыздық кірістер	2,164,598	1,554,567
Төленген айыздық шығыстар	(575,354)	(193,158)
Алынған пайыздық кірістер	60,058	57,953
Төленген айыздық шығыстар	(39,889)	(19,177)
Шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза кірістер	116,320	103,220
Басқа операциялық түсімдер (төлемдер)	(14,308)	(4,789)
Жұмыскерлерге төленген төлемдер	(588,343)	(595,006)
Төленген басқа жалпы шаруашылық және әкімшілік шығындар	(248,083)	(361,171)
Резервтерді құру	(425,516)	-
Операциялық активтердің (көбеюі)/азаюы		
Банктердегі шоттар мен депозиттер	665,520	(663,905)
Банктерге берілген кредиттер	660,140	2,281,583
Клиенттерге берілген кредиттер	803,322	(866,040)
Операциялық міндеттемелердің (көбеюі)/азаюы		
Банктердің шоттары мен депозиттері	(1,806,245)	407,378
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	3,643,175	3,810,453
Табыс салығын төлегенге дейін операциялық қызметтен алынған/(төленген) таза ақша ағымдары	4,415,395	5,511,908
Төленген табыс салығы	(85,717)	(118,563)
Операциялық қызметтен алынған/(төленген) таза ақша ағымдары	4,329,678	5,393,345
Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағымдары		
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(38,032)	(191,398)
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерін сатып алу	(1,590,700)	-
Инвестициялық қызметте қолданылған таза ақша ағымдары	(1,628,732)	(191,398)
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағымдары		
Займ алу үшін төленген комиссия	-	(76,752)
Займдардың түсуі	4,796,350	-
Қаржылық қызметтен алынған/(төленген) таза ақша ағымдары	4,796,350	(76,752)
Ақша қаражаттарының және олардың баламаларының таза өзгеруі	7,497,296	5,125,195
Айырбастау бағамдарының өзгеруінің ақша қаражаттарына және олардың баламаларына әсері	41,938	(397,461)
Жыл басындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	5,778,342	1,050,608
Жыл соңындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	13,317,576	5,778,342

«ҚАЗАҚСТАН ШИНХАН БАНКІ» АҚ

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

	Акциянерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Резервтік капитал	Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв	Бөлінбеген пайда	Барлық капитал
<i>Мың теңгемен</i>						
2016 жылғы 1 қаңтарда	10,028,720	144,196	279,516	(215,867)	1,806,695	12,043,260
Жыл ішіндегі пайда	-	-	-	-	479,981	479,981
Жыл ішіндегі жиынтық залал						
<i>Қайта жіктелген немесе кейіннен пайданың немесе зиянның құрамына қайта жіктеулі мүмкін баптар:</i>						
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерінің әділ құнының таза өзгеруі	-	-	-	(93,699)	-	(93,699)
Барлық басқа жиынтық залал	-	-	-	(93,699)	-	(93,699)
Жыл ішіндегі барлық жиынтық залал	-	-	-	(93,699)	479,981	386,282
2017 жылғы 1 қаңтарда	10,028,720	144,196	279,516	(309,566)	2,286,676	12,429,542
Жыл ішіндегі пайда	-	-	-	-	185,282	185,282
Жыл ішіндегі жиынтық залал						
<i>Қайта жіктелген немесе кейіннен пайданың немесе зиянның құрамына қайта жіктеулі мүмкін баптар:</i>						
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерінің әділ құнының таза өзгеруі	-	-	-	94,146	-	94,146
Барлық басқа жиынтық кіріс	-	-	-	94,146	-	94,146
Жыл ішіндегі барлық жиынтық кіріс	-	-	-	94,146	185,282	279,428
2017 жылғы 31 желтоқсанда	10,028,720	144,196	279,516	(215,420)	2,471,958	12,708,970

1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

(а) Ұйым және негізгі қызмет

Банк Қазақстан Республикасында 2008 жылы акционерлік қоғам ретінде құрылды. Банктің негізгі қызметі клиенттердің депозиттерін тарту және шоттарын жүргізу, кредиттер мен кепілдіктер ұсыну, есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру, бағалы қағаздармен және шетел валютасымен операциялар жүргізу. Банктің қызметін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі («ҚРҰБ») реттейді.

Банктің заңды тұлға ретіндегі ресми мәртебесі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу (Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің No.5037-1900-АО (ИУ)) арқылы белгіленді, банк қызметін жүзеге асыру құқығы Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігімен (ҚҚА) белгіленген (2008 жылғы 28 қарашада берілген банктік және басқа операцияларды жүзеге асыруға лицензияның No. 1.1.258).

2015 жылғы қаңтар айында «Қазақстан Республикасының рұқсат беру жүйесі мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтыруларды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының күшіне енуіне байланысты «шетел валютасымен жасалатын айырбастау операцияларын ұйымдастыру» банктік операция түрі «шетел валютасымен жасалатын айырбастау операцияларын ұйымдастыру, оған қоса қолма қол шетел валютасымен жасалатын айырбастау операцияларын ұйымдастыруға» өзгертілді. Банктің лицензиясы қайта рәсімделді (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің 20.01.2015 ж. №1.1.258 лицензиясы).

2017 жылғы қаңтар айында заңды мекенжайдың өзгеруіне байланысты банктің лицензиясы қайта рәсімделді (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 27.01.2017 ж. №1.1.258 лицензиясы).

Банктің заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғ., 38, 050010.

Банктің филиалдары жоқ. Активтер мен міндеттемелердің басым бөлігі Қазақстан Республикасында орналасқан.

Банк толығымен «Shinhan Bank» АҚ меншігінде (Корея Республикасы, Сеул қ.) (бұдан әрі – «Бас банк» немесе «Акционер»). Соңғы бас кәсіпорын Shinhan Financial Group Co. Ltd. болып табылады. Ол Банктің қызметін өз білгенінше және өз мүддесінде бағыттауға құқылы. Байланысты тараптармен жасалатын операциялар туралы 28-ескертпеде толығырақ айтылған.

(б) Шаруашылық қызметті жүзеге асыру жағдайлары

Банктің қызметі, негізінен, Қазақстанда жүзеге асырылады. Соған сәйкес Банк Қазақстанның экономикалық және қаржылық жағдайларына тән, нарықтық экономикасы дамып келе жатқан мемлекеттің сипаттамаларын көрсететін тәуекелдерге шалдыққыш болып табылады. Құқықтық жүйе, салықтық жүйе және заңнама базасы дамуын жалғастыруда, алайда олар басқа құқықтық және қаржылық кедергілермен қатар қызметін Қазақстанда жүзеге асыратын ұйымдардың шалдығатын әртүрлі өзгерістерге және түсіндірмелерге тап болады. Сонымен қатар, теңгенің айтарлықтай құнсыздануы мен мұнай бағасының арзандауы бизнес жүргізу жағдайларында белгісіздік тәуекелін жоғарылатты. Тіркелген қаржылық есептілік Банк басшылығының қазіргі қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру жағдайларының Банктің қызмет нәтижелері мен қаржылық жағдайына тигізуі мүмкін әсеріне берген бағасын көрсетеді. Қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асырудың әрі қарай дамуы басшылықтың берген бағасынан өзгеше болуы мүмкін.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

(а) ХҚЕС сәйкестік туралы мәлімдеме

Қоса тіркелген қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес Халықаралық қаржылық есептілік жөніндегі Кеңес (ХҚЕС жөніндегі Кеңес) бекіткен редакцияда дайындалды.

(б) Құнды бағалауға арналған база

Осы қаржылық есептілік әділ құн бойынша көрсетілген сатуға арналған қолда бар қаржы активтерін қоспағанда, нақты шығындар бойынша есеп қағидасына сәйкес дайындалды.

(в) Функционалдық валюта және ұсыну валютасы

Банктің функционалдық валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола тұра Банктің жүргізетін операцияларының және қызметке әсер ететін олармен байланысты мән-жайлардың басым бөлігінің экономикалық мәнін анығырақ көрсететін Қазақстандық теңге (бұдан әрі – «теңге») болып табылады.

Қазақстандық теңге сондай-ақ осы қаржылық есептіліктің деректерін көрсету валютасы болып табылады. Теңгемен көрсетілген деректердің барлығы өзгеше көрсетілмесе, бүтін мың теңгеге дейін дәлдікпен дөңгелектелген.

(г) Кәсіби пікірлерді, есептік бағалаулар мен жорамалдарды қолдану

Қаржылық есептілікті ХҚЕС талаптарына сәйкес дайындалуы басшылықты есеп саясатын пайдалануға және қаржылық есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың шамасына әсер ететін пікірлерді, есептік бағалаулар мен жорамалдарды жасауға міндеттейді.

Бағалаулар және олардың негізінде жатқан жорамалдар үйелін негізде қайта қаралады. Бағалаудағы түзетулер тиісті бағалаулар қайта қарастырылған есептік кезеңде және оларға қатысы бар кез келген кейінгі кезеңдерде мойындалады.

Есептік саясаттарын пайдаланудағы елеулі тұрақсыз бағалаулар мен сын бағалаулар туралы ақпарат келесі ескертпеде сипатталған:

- 15-ескертпе – қарыздардың құнсыздануын бағалау;
- 16-ескертпе – өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестицияларды жіктеу;
- 29-ескертпе – қаржы құралдарының әділ құны.

(д) Қызметтің үздіксіздігі

Тіркелген қаржылық есептілік Банктің әдеттегі қызметінің барысында активтер өткізілетін және міндеттемелер өтелетін қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде дайындалған.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Төменде сипатталған есеп саясатының қағидаларын Банк осы қаржылық есептілікте ұсынылған барлық есептік кезеңдерде ретімен қолданды.

(а) Шетел валютасымен жасалған операциялар

Шетел валютасымен жасалған операциялар Банктің функционалдық валютасына операция жасалған күні қолданылған валюталық бағамдар бойынша ауыстырылады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(а) Шетел валютасымен жасалған операциялар (жалғасы)

Есеп беретін күнгі жағдай бойынша шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күні қолданылған валюталық бағам бойынша функционалдық валютаға ауыстырылады. Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелермен жасалған операциялардан түскен пайда немесе зиян тиімді мөлшерлеме бойынша есептелген пайыздар мен кезең ішіндегі төлемдер мөлшеріне түзетілген кезең басындағы жағдай бойынша функционалдық валютадағы амортизацияланған құнның және есепті кезең соңындағы жағдай бойынша валюталық бағам бойынша функционалдық валютаға ауыстырылған шетел валютасындағы амортизацияланған құнның арасындағы айырманы білдіреді.

Әділ құн бойынша бағаланатын шетел валютасында көрсетілген монетарлық емес активтер мен міндеттемелер функционалдық валютаға әділ құнды анықтау күні қолданылған валюталық бағамдар бойынша ауыстырылады. Шетел валютасымен және нақты шығындар бойынша көрсетілген монетарлық емес активтер мен міндеттемелер функционалдық валютаға операция жасалған күні қолданылған валюталық бағам бойынша ауыстырылады.

Шетел валютасына ауыстырудың нәтижесінде пайда болатын бағамдық айырмалар пайданың немесе зиянның құрамында көрсетіледі.

(б) Ақша қаражаттары және олардың баламалары

Ақша қаражаттары және оның баламалары – қолдағы банкноталар мен монеталар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде («ҚРҰБ») немесе басқа банктердегі бос қалдықтар (ностро шоттар), ҚРҰБ минималды қорлар бойынша талаптар және Банктің қысқа мерзімде қолданатын, құнының өзгеру қаупі шамалы және құны үш ай ішінде өтелетін жоғары ликвидті қаржы құралдары. ҚРҰБ шотындағы міндетті резервтік талаптар оның қаражатты алу қабілеті бойынша шектеулердің салдарынан ақша қаражатының баламасы болып саналмайды. Ақша қаражаттары және ақшалай эквиваленттері қаржылық жағдайы бойынша есепте амортизациялық құны бойынша есепке алынады.

(в) Қаржы құралдары

(і) Қаржы құралдарының жіктелуі

Әділ құны бойынша бағаланатын, кіріс немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы құралдары келесі қаржы активтері немесе міндеттемелері болып табылады:

- негізінен, жақын арада сату немесе қайта сатып алу мақсатында сатып алынған немесе туындаған;
- бірлесіп басқарылатын және жақында өткен мерзімнің ішінде қысқа мерзімнің ішінде табыс алуға арналған сәйкестендірілетін қаржы құралдары портфелінің бір бөлігі;
- туынды қаржы құралдары (қаржылық кепілдік шарттары немесе нақты және тиімді болып табылатын хеджирлеу құралдары болып табылатын туынды құралдарынан басқа), немесе;
- бастапқы мойындау кезінде өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары санатына белгіленген болып табылатын ең басында шығыс немесе кіріс ретінде әділ бағамен көрсетілетін қаржы құралдары.

Банк әділ құны бойынша бағаланатын, кіріс немесе залал құрамында көрсетілетін қаржы активтері мен міндеттемелері келесі жағдайларда тағайындайды:

- активтерді немесе міндеттемелерді басқару, оларды бағалау және ішкі есептемелерде көрсету әділ құнның негізінде жүзеге асырылса;

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(в) Қаржы құралдары (жалғасы)

(i) Қаржы құралдарының жіктелуі (жалғасы)

- мұндай тәсіл осындай тағайындау есептеудегі мүмкін болатын келіспеушіліктерді жойса немесе елеулі түрде қысқартса, немесе
- актив немесе міндеттеменің құрамында келісім бойынша талап етілетін ақша қозғалысын елеулі өзгертетін кіріктірілген туынды қаржы құралы болса.

Басшылық қаржы құралын бастапқы тану кезінде жатқызу қажет санатты анықтайды. Қаржы құралдары және бастапқы тану кезінде өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары санатына жатқызылған туынды қаржы құралдары өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары санатынан қайта жіктелмейді. Егер қаржы активтері кредиттер мен дебиторлық берешек анықтамасына сай келсе, өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары санатынан немесе сатуға арналған қолда бар активтер санатынан, егер Банктің осы активтерді алдағы жақын уақытта немесе оларды өтеу мерзімі басталғанға дейін ұстап қалу ниеті мен мүмкіндігі болса, қайта жіктелуі мүмкін. Басқа қаржы құралдары өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары санатынан тек қана сирек жағдайларда қайта жіктеледі. Сирек жағдайлар деп жақын арада қайталану ықтималдығы төмен ерекше бірлі-жарым жағдайларды атайды.

Кредиттер мен дебиторлық берешек бұл Банктің төмендегі жағдайларын қоспағанда, белсенді жұмыс істейтін нарықта бағаланбайтын, төлемдері тиянақталған немесе анықталған туынды емес қаржы активтері:

- қаржы құралдарын шұғыл түрде немесе жақын арада сатуға ниеттенген;
- қаржы құралдарын бастапқы тану кезінде өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары санатына белгілеген;
- бастапқы тану кезінде қаржы құралдарын сатуға арналған қолда бар қаржы құралдары санатына белгілеген; немесе
- Банктің ол қаржы құралдары бойынша кредиттің құнсыздануынан өзге себептер бойынша барлық бастапқы жүзеге асырылған инвестицияларды өтей алмаған.

Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар бұл төмендегі қаржы құралдарын қоспағанда, төлемдері тиянақталған немесе анықталған және өтеу мерзімі тиянақталған, Банктің өтеу мерзімі басталғанға дейін ұстап қалуға ниеті мен қабілеті бар туынды қаржы құралдары:

- бастапқы мойындау кезінде Банктің өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары санатына белгілейтін;
- Банктің сатуға арналған қолда бар қаржы құралдары санатына белгілейтін; немесе
- кредиттер мен дебиторлық берешек анықтамасына сәйкес келетін.

Сатуға арналған қолда бар қаржы активтері бұл сатуға арналған қолда бар туынды емес қаржы құралдары санатына жатқызылатын немесе кредиттер мен дебиторлық берешек, өтеу мерзіміне дейін ұсталатын немесе қаржылық инвестициялар анықтамасына жатқызылмайтын туынды емес қаржы активтері.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(в) Қаржы құралдары (жалғасы)

(i) Қаржы құралдарының жіктелуі (жалғасы)

Өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарының жіктелуі.

(ii) Қаржы құралдарын қаржылық есептілікте тану

Мәні қаржылық есептілік туралы есепте көрсетілетін қаржы құралдары болып табылатын шарттық қатынастарға Банк кірген кезде аталған қаржы активтері мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі. Қаржы құралдарын стандартты сатып алу жағдайларының барлығы есеп айырысулар жүзеге асырылған күні көрсетіледі.

(iii) Қаржы құралдарының құнын бағалау

Бастапқыда қаржы активі немесе міндеттеме әділ құн бойынша, ал қаржы активі немесе міндеттеме өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын болса, оған қаржы активін немесе міндеттемені шығаруға немесе сатып алуға тікелей жатқызылатын мәміле бойынша шығыстар қосылады.

Бастапқы танудан кейін қаржы активтері, оған қоса активтер болып табылатын туынды қаржы құралдары төмендегілерді қоспағанда, сатудың немесе басқа тәсілмен есептен шығудың нәтижесінде келтірілуі мүмкін болған мәмілелер бойынша қандай да бір шығындар шегерілмей, олардың әділ құны бойынша бағаланады:

- тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісі қолданылып амортизацияланған құн бойынша бағаланатын кредиттер мен дебиторлық берешекті;
- тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісі қолданылып амортизацияланған құн бойынша бағаланатын, өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестицияларды;
- белсенді жұмыс істейтін нарықта нарықтық белгіленімі жоқ және әділ құнын жеткілікті сенімділік дәрежесімен анықтау мүмкін емес, қаржылық есептілікті нақты шығындар бойынша көрсетілетін үлестік құралдарға инвестицияларды.

Өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелерін және әділ құн бойынша көрсетілген қаржы активтерін аудару тануды тоқтату критерийлеріне сай келмейген жағдайда туындайтын қаржы міндеттемелерін қоспағанда, барлық қаржы міндеттемелері амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

(iv) Амортизацияланған құн

Қаржы активінің немесе міндеттемесінің амортизацияланған құны бұл қаржы активін немесе міндеттемесін бастапқы тану кезінде бастапқы танылған құн мен тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісі қолданылып анықталған өтеу кезіндегі құнның арасындағы айырманың жинақталған амортизация мәніне түзетілген негізгі берешек сомасы төлемдерін шегере отырып, бағалау үшін негіз болған құн. Сыйлықақылар мен дисконттардың мөлшері, сондай-ақ мәмілелер бойынша шығындар сомалары тиісті құралдың баланстық құнына енгізіледі және осы құралдың тиісті сыйақы мөлшерлемесіне негізделіп амортизацияланады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(в) Қаржы құралдары (жалғасы)

(v) Әділ құн бойынша бағалау қағидасы

Әділ құн бұл негізгі нарықта немесе ол болмаған жағдайда Банктің аталған күні қол жеткізуге мүмкіндігі бар ең тиімді нарықта бағалау күні нарыққа құатысушылардың арасындағы әдеттегі мәміле жағдайларында міндеттемені беру кезінде төленген немесе активті сату кезінде алынған баға. Міндеттеменің әділ құны оның орындалмау тәуекелін көрсетеді.

Мүмкін болған жағдайда Банк активтің әділ құнын белсенді нарықта қалыптасқан бағасымен бағалайды. Белсенді нарық – активтер мен міндеттемелер бойынша сауда-саттық ұдайы әрі үлкен көлемде жасалатын, және осының арқасында ағымдағы баға туралы толық мағлұмат пайда болатын нарық.

Егер белсенді нарық та, қалыптасқан баға да болмаса, Банк әділ құнды бағалау әдісін қолданады. Ондай әдіс бақыланатын факторларды мейлінше көбірек, ал бақыланбайтын факторларды мейлінше азырақ қарастырады. Қолданылатын бағалау әдісі нарық қатысушыларының бағаны орнатуда ескеретін барлық факторларды қамтиды.

Бастапқы тану кезінде қаржы құралының әділ құнын әдетте мәміленің бағасы, яғни төленген немесе алынған өтемақының әділ құны нақты көрсетеді. Егер Банк бастапқы тану кезіндегі әділ құн мәміле бағасынан өзгеше болып табылатынын және әділ құнның баламалы активтің немесе міндеттеменің белсенді нарығында ағымдағы белгіленімдермен расталмайтынын және тек қана бақыланатын бастапқы мәліметтерді пайдаланатын бағалау әдістеріне негізделмейтінін анықтаса, қаржы құралы бастапқыда бастапқы тану кезіндегі әділ құн мен мәміле бағасының арасындағы айырманы кейінге қалдыру үшін түзетілген әділ құн бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін айырма пайданың немесе зиянның құрамында құралдың бүкіл тіршілік мерзімінің ішінде, бірақ бағалаудың қадағаланатын бастапқы мәліметтермен толығымен расталатын немесе операцияның аяқталып қойған кезінен кешіктірмей тиісінше көрсетіледі.

Егер әділ құн бойынша бағаланатын актив немесе міндеттеменің сұраныс бағасы және ұсынысы бағасы болса, активтер мен ұзақ позициялар сұраныс бағасының, міндеттеменің негізінде және қысқа позициялар ұсыныс бағасының негізінде бағаланады.

Банк өзгерістер жасалған есепті кезеңнің соңындағы әділ құн иерархиясындағы деңгейлер арасындағы аударымдарды мойындайды.

(vi) Бағалау нәтижесінде пайда болатын кірістер немесе шығыстар

Қаржы құралының немесе міндеттеменің әділ бағасының өзгеруінің нәтижесінде пайда болатын кіріс немесе шығыс:

- кіріс немесе шығыс ретінде танылған кіріс немесе шығыс ретінде әділ бағамен көрсетілетін қаржы құралы

- сатуға арналған қаржы құралынан түскен кіріс немесе шығыс негізгі капиталдың басқа табысы тарауына кіреді (құнсыздану немесе сатуға арналған несиелік қаржы құралдарынан түскен валюта бағамындағы айырмашылық негізіндегі кіріс немесе шығыстан басқа). Мұндай жағдай құралды теңгерімнен шығарғанға дейін жалғасады. Ол кезде капитал тарауында жинақталған кіріс немесе шығыс табыс немесе шығын тарауына өтеді. Сатуға арналған қаржы құралының пайызы тиімді пайыз әдісі арқылы табыс немесе шығын болып танылады.

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілген қаржы активтері мен міндеттемелер бойынша пайда немесе зиян қаржы активтің немесе міндеттемесін мойындау немесе құнсыздану тоқтатылған жағдайда, сондай-ақ тиісті амортизацияны есептеу барысында пайданың немесе зиянның құрамында көрсетіледі.

(vii) Мойындауды тоқтату

Банктің қаржылық активті тану құқығы аталған қаржы активі бойынша ақша қаражаттарының ағымына шартпен берілген құқығын жоғалтқан сәттен бастап, немесе ол жүргізілген мәмілелер нәтижелері бойынша қаржы активтерін басқа тарапқа аталған қаржы активіне деген меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдері мен пайдасын берген кезінде немесе қаржы активіне деген меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдері мен пайдасын бермеген, сақтамаған, бірақ қаржы активтеріне деген бақылауын сақтамай берген кезінде тоқтатылады. Берілген қаржы активтеріндегі кез келген және Банкпен құралған немесе оның артында сақталған танушылықтарды тоқтатудың шарттық талаптары сақталатын үлеске қатысудың қаржылық жағдайы туралы есептілікте жеке актив немесе міндеттемелері түрінде танылады. Банк ол бойынша шарттық міндеттемелер орындалғанда, күшін жойғанда немесе тоқтатылғанда қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтатады.

Банк қаржы есептілігінде есептелетін, активтерді беру талаптары бойынша мәмілелер жасайды соның талаптары бойынша активтердің қаржылық жағдайлары туралы танылғандарды тапсырумен бірге, тапсырылған активтерде меншік құқығы туындайтын пайданының және тәуекелдің бір бөлігін немесе барлығын жасайды және Банк барлық тәуекелдер мен пайданың барлығын сақтау кезінде тапсырылған активтерді тануды тоқтатпайды.

Мәмілелер жасау кезінде, олардың талаптары бойынша Банк қаржы активтеріне меншік құқығымен туындайтын барлық тәуекелдер мен пайданы өзіне қалдырмайды және тапсырмайды, егер Банк активтерді бақылау құқығынан айырылса, осы активтерді тану тоқтатылады.

Егер активтерді тапсыру кезінде Банкте оларды бақылау құқығы сақталса, оның құны өзгерумен Банктің бейімделген деңгейі ретінде анықталатын активке қатысуды өзіне қалдырған сол деңгейде активтерді тануды жалғастырады.

Банк өндіріп алуға үмітсіз деп танылған активтерді есептен шығарады.

(viii) «РЕПО» және «кері РЕПО» мәмілелері

Кері сатып алу міндеттемесі бар келісімдер (бұдан әрі – «РЕПО» мәмілелері) шегінде сатылған бағалы қағаздар сндай бағалы қағаздар кепілімен қамтамасыз етілген қаржыландыруды тарту операциялары ретінде көрсетіледі, бұл ретте бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілуін жалғастырады, ал «РЕПО» мәмілелері бойынша кредиторлық берешектің құрамына кіргізілген контрагенттер алдындағы міндеттемелер жағдайға байланысты банктердің шоттары мен депозиттерінің немесе клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттерінің құрамында көрсетіледі. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасының арасындағы айырма пайыздық кірісті білдіреді және тиімді сыйақы мөлшерлемесі қолданылып, «РЕПО» мәмілесінің әрекет мерзімінің ішіндегі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетіледі.

«Кері РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешектің құрамына кіргізілген кері сатып алу міндеттемесі бар келісімдер (бұдан әрі – «кері РЕПО» мәмілелері) шегінде сатып алынған бағалы қағаздар жағдайға байланысты банктерге берілген кредиттердің немесе клиенттерге берілген кредиттердің құрамында көрсетіледі. Сатып алу бағасы мен кері сату бағасының арасындағы айырма пайыздық кірісті білдіреді және тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін қолдана отырып, «кері РЕПО» мәмілесінің әрекет мерзімінің ішінде пайданың немесе зиянның құрамында көрсетіледі. Кері сату міндеттемесі бар келісімдердің шегінде сатып алынған активтер үшінші тараптарға сатылса, бағалы қағаздарды қайтару міндеттемесі сатуға арналған міндеттеме ретінде көрсетіледі және әділ құн бойынша бағаланады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(в) Қаржы құралдары (жалғасы)

(ix) Қаржы активтері мен міндеттемелерін өзара есепке алу

Қаржы активтері мен міндеттемелері өзара есепке алынып қаржы жағдайы туралы нетто-көлемінде, тек Банктің қазіргі сәтте танылған сомалардың өзара есебін іске асыру құқығына заңды қорғанысы және олар бойынша нетто-негізде есептесуді жүргізу немесе активті таратып, міндеттемені бір кезде орындау ниеті бар болғанда ғана есепте көрсетіледі. Қазіргі сәтте Банк өзара есептесуді жүргізу үшін, егер аталған құқық болашақтағы жағдайларға негізделмеген болса және заңды тұрғыда қарапайым қызмет барысында орындалған болып табылғанындай, міндеттемелер орындалмаған жағдайда да, қауқарсыздықта да немесе Банктің не болмаса кез келген контрагенттердің бірінің банкроттығында да заңды қорғаныспен қамтамасыз етілген іске асыру құқығына ие болады

(г) Негізгі құралдар

(i) Меншікті активтер

Негізгі құралдардың объектілері жинақталған амортизациялар сомасын және құнсызданудан болған залалдарды шегерумен нақты шығындар бойынша көрсетіледі.

Егер негізгі құралдар объектісінің пайдалы қолдану мерзімі әр түрлі бірнеше құрамдас бөліктерден тұрса, ондай құрамдас бөліктер негізгі құралдардың жеке объектілері ретінде көрсетіледі.

(ii) Амортизация

Негізгі құралдар бойынша амортизация негізгі құралдың қызмет мерзімінің осы негізгі құралдың пайдаланудың ерекше жағдайларымен анықталған және пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін жағдайларын қоспағанда, негізгі құралдардың барлық түрлері бойынша 20% аспайтын мөлшерде нормалар бойынша азаятын қалдық әдісі бойынша есептеледі. Амортизация объекті сатып алынған күннен бастап, ал шаруашылық тәсілмен салынған негізгі құрал объектілері үшін – объекті құрылысы аяқталып және оны пайдалануға беру дайын болған кезеңнен бастап есептеледі. Жер учаскелері бойынша амортизация есептелмейді.

Егер Банк жалға алынатын негізгі құралдарға күрделі салымдарды салса, мұндай шығындар келесі мерзімдердің ішіндегі ең қысқа мерзімнің ішінде тік сызықты әдістің негізінде амортизацияланады: жалдау мерзімінің немесе жалға алынған меншікті жақсарту қызметінің пайдалы мерзімінің.

(д) Материалдық емес активтер

Сатып алынған материалдық емес активтер қаржылық есептілікте жинақталған амортизациялар сомасын және құнсызданудан болған залалдарды шегерумен нақты шығындар бойынша көрсетіледі. Арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуге лицензиялар сатып алуға және оны ендіруге арналған шығындар тиісті материалдық емес активтер құнында капиталдандырылады.

Материалдық емес активтер бойынша амортизация материалдық емес активтің қызмет мерзімінің осы материалдық емес активті пайдаланудың ерекше жағдайларымен анықталған және пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін жағдайларын қоспағанда, материалдық емес активтердің барлық түрлері бойынша 20% аспайтын мөлшерде нормалар бойынша азаятын қалдық әдісі бойынша есептеледі.

(е) Құнсыздану

Банк әрбір есептілік кезең соңында қаржы активтері немесе қаржы активтерінің топтары құнсыздануын объективті растаудың болу нысанына бағалау жүргізеді. Осы растаулар болғанда Банк құнсызданудан болған кез келген залал көлемін бағалайды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(е) Құнсыздану (жалғасы)

Қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы құнсызданады және залалдар құнсызданудан, қаржы активтерін бастапқы танудан кейін болған бір немесе бірнеше жағдайлар нәтижесінде құнсызданудың әділ дәлелдері болу талаптары кезінде (залал туындаған жағдайда), және аталған жағдай (немесе жағдайлар) сенімділіктің жеткілікті дәрежесімен бағалауға болатын, қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы бойынша алдағы уақытта болатын ақша қаражаттары ағымына әсер еткенде орын алады.

Қаржы активтерінің құнсыздануының объективті куәліктеріне қарыз алушымен жіберілген міндеттемелерді орындамау (дефолт) және төлемдер мерзімін өткізіп алу, қарыз алушының шарт бойынша міндеттемелерді немесе шарт талаптарын бұзуы, Банктің басқа кез келген жағдайларда қарастырмайтын талаптарда қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобын қайта құрылымдауы, қарыз алушыда немесе эмитентте болуы мүмкін банкрот белгілері, бағалы қағаздар үшін белсенді нарықтың жоқ болуы, қамтамасыз ету құнының төмендеуі немесе активтер тобына кіретін басқа бақылау деректері, Банкке кіретін қарыз алушылардың төлем қабілеттілігінің нашарлауы, немесе осы Банкке кіретін қарыз алушылардың міндеттемелерін орындамаумен (дефолт) өзара бақылайтын, экономикалық талаптардың өзгеруі сияқты белгілер кіруі мүмкін.

Үлестік бағалы қағазға инвестициялардың әділ құнының елеулі немесе ұзақ уақытқа сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздарға осы бағалы қағаздар бойынша нақты шығындардың құнына дейін төмендеуі құнсызданудың объективті айғағы болып табылады.

(і) Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржы активтері

Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін, қаржы активтері, ең бастысы, негізгі кредиттер мен басқа дебиторлық берешектерден тұрады (әрі қарай, «кредиттер және дебиторлық берешек»). Банк әрдайым болуы мүмкін құнсыздануды анықтау мақсатында кредиттер мен дебиторлық берешектерді бағалауды жүргізеді.

Банк ең алдымен жеке тұрғанда өзекті болып табылатын, кредиттер және дебиторлық берешектер бойынша жеке және жеке тұрғанда маңызды болып табылмайтын кредиттер және дебиторлық берешектер бойынша жеке немесе біріктіріп құнсызданудың объективті куәліктері болуын бағалайды. Егер Банк жеке бағаланатын кредит пен дебиторлық берешек бойынша құнсызданудың объективті куәліктердің болмауын маңызды немесе жоқ деп анықтағанда, кредит несиелік тәуекелдің осыған ұқсас сипаттамасымен кредиттер және дебиторлық берешектер тобына қосылады және ұжымдық негізде активтер тобы құрамында құнсыздану мәніне бағаланады. Құнсыздану мәніне жеке-жеке бағаланатын кредиттер мен дебиторлық берешек құнсызданудан туындаған немесе әлі де танылып отырған залалдар құнсыздану мәніне ұжымдық бағалауға ендірілмейді.

Кредит және дебиторлық берешек бойынша құнсызданудан залалдың болуына объективті куәландыру болғанда шығын сомасы кредит немесе дебиторлық берешектің баланстық құны арасындағы кредит немесе дебиторлық берешек бойынша бастапқы тиімді сыйақы мөлшерлемесін пайдаланумен дисконтталған қамтамасыз етуді және орны толтырылатын кепіл құнын қоса алғанда, болжанған ақша қаражаттары ағындары құнының ағымдағы кезеңге келтірілген айырмашылық ретінде өлшенеді. Жасалған шарттар талаптарына сәйкес ақша қаражаттарының ағындары және ағымдағы экономикалық жағдайды көрсететін қолданыстағы тиісті ақпараттар негізінде түзетілген, шығындар болудың тарихи тәжірибесі болжанған ақша қаражаттары ағындарын анықтау үшін негіздеме болып табылады.

Кейбір жағдайларда кредит және дебиторлық берешек бойынша құнсызданудан болған шығын сомасын анықтау үшін қолда бар ақпараттар шектелген немесе ағымдағы жағдайға және талаптарға сәйкес келмеуі мүмкін. Бұл оқиғалар, егер қарыз алушыда қаржылай қиындықтар туындап және осындай қарыз алушыларға қатысты қолжетімді ақпараттар шектелген жағдайларда, орын алады. Банк осыған ұқсас жағдайларда құнсызданудан болған залалдар сомасын анықтауда өз тәжірибесі мен пікірлерін ортаға салады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(е) Құнсыздану (жалғасы)

(i) Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржы активтері (жалғасы)

Кредиттер мен дебиторлық берешектердің құнсыздануынан болған барлық залалдар пайда немесе залал құрамында көрсетіледі және егер, өтелетін құнның одан кейінгі өсуі құнсызданудан болатын шығынды танығаннан кейін болған жағдайлармен объективті байланыста болғанда ғана қалпына келтірілуі мүмкін.

Егер кредит бойынша берекшекті өндіріп алу мүмкін болмағанда, кредит кредиттерді құнсыздандырудан болған тиісті резервтер шотындағы шығынға жатқызылады. Осы кредиттер (және кредиттерді құнсыздандырудан болған кез келген тиісті резерв) Банк басшылығы кредиттер берешектерді өндіріп алу мүмкін еместігін анықтағанда және кредиттер бойынша берекшекті өндіріп алудың барлық қажетті рәсімдері аяқталғаннан кейін есептен шығарылады.

(ii) Сатуға арналған қолда бар қаржы активтері

Сату үшін қолда бар қаржы активтерінің құнсыздануынан болған залалдар басқа жиынтық табыстар құрамында, қайта жіктелген түзету ретінде пайда немесе шығын құрамында танылатын жинақталған залал аудармасы арқылы танылады. Жинақталған шығын, басқа жиынтық табыс құрамынан пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелетін, бұрын пайда немесе шығын құрамында танылған, құнсызданудан болған шығындарды шегерумен ағымдағы әділ құны және негізгі сома мен амортизация төлемін шегерумен сатып алу құны арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Ақшаның уақытша құнына қатысты құнсызданудан резервтің өзгеруі пайыздық табыстың құрамдас бөлігі ретінде жазылады.

Егер кейінгі кезеңдерде сату үшін қолда бар құнсызданған борыштық бағалы қағаздардың әділ құны өскенде, және өсу пайда немесе шығын құрамында құнсызданудан болған залалды танығаннан кейін болған объективті жағдайлармен байланыста болуы мүмкін, құнсызданудан болған залал қалпына келтіріледі, және қалпына келтірілген өлшем пайда немесе шығын құрамында танылады. Дегенмен одан кейін сату үшін қолда бар құнсызданған борыштық бағалы қағаздардың әділ құнын кез келген қалпына келтіру басқа жиынтық табыстың құрамында танылады.

(iii) Қаржылық емес активтер

Кейінге қалдырған салықтардан басқа өзге қаржылық емес активтер құнсыздану белгілері болу мәніне әр есептілік күнгі жағдай бойынша бағаланады. Қаржылық емес активтердің өтелетін құны сату және қолданудан түскен құндылықтар бойынша шығындарды шегерумен әділ құнының ең үлкен шамасы болып табылады. Қолданудан түскен құндылықтарды есептеу кезінде ұсынылатын болашақтағы ақша қаражаттар ағымдары салық салынғанға дейінгі дисконтталған мөлшерлемені қолданумен ағымдағы келтірілген құнына дисконтталады, ол ақшаның уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағалауды және осы активке тиесілі тәуекелді көрсетеді. Ақша қаражаттары ағымдарын туындатпайтын активтер үшін басқа активтерден туындататын ақша қаражаттары ағымдарынан айтарлықтай деңгейде тәуелді емес, орны толтырылатын құн актив тиесілі ақша қаражаттарын туындататын активтер тобы бойынша анықталады. Құнсызданудан болған залал активтің баланстық құны немесе ақша қаражаттарын туындататын оның бірліктері орны толтырылатын құнынан асқанда танылады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған барлық залалдар пайда немесе залал құрамында көрсетіледі және өтелетін құнын анықтауда пайдаланылатын бағалауда өзгерістер болған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Активтердің құнсыздануынан болған кез келген залал сол мөлшерде қалпына келтіріледі, ол бойынша активтің баланстық құны осы баланстық құннан аспайды (амортизация мен тозуды шегергенде), егер құнсызданудан болған шығын қаржылық есептілікте көрсетілмесе жинақталатын еді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(ж) Резервтер

Резерв қаржылық жағдай туралы есепте Банкте заңдық тұрғыдан немесе болған оқиғалар нәтижесінде негізделген міндеттемелер туындағанда және осы міндеттемелерді орындау үшін қаражаттарды басқа аудару қажеттілігі болу мүмкін жағдайларда көрсетіледі. Егер осы міндеттемелер сомасы көп болса, онда қорлар салық салынғанға дейінгі дисконтталған мөлшерлемені қолданумен ұсынылатын болашақтағы ақша қаражаттары ағымдарын дисконттау арқылы анықталады, ақшаның уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағалауды және қолданылатын жерде, осы міндеттемеге тиесілі тәуекелді көрсетеді.

(з) Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелер

Ағымдағы шаруашылық қызметін жүзеге асыру барысында Банк кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелерді мойнына алады және кредиттік сақтандырудың басқа түрлерін ұсынады. Оларға қолданылмаған кредиттік желілер, аккредитивтер және кепілдіктер жатады.

Қаржы кепілдіктері – бұл Банкті белгілі бір дебитордың төлемдерді борышқорлық құралдың талаптарында белгіленген мерзімде жасай алмауының нәтижесінде шығынның қаржылық кепілдіктерінің орнын толтыратын белгілі бір төлемдерді жасауға міндеттейтін шарттар.

Қаржылық кепілдік бойынша міндеттеме бастапқыда мәміле бойынша байланысты шығыстарды шегергенде әділ құн бойынша танылады және кейіннен екі шаманың ең жоғарысы бойынша бағаланады: жинақталған амортизация шегерілген бастапқыда танылған соманың немесе осы кепілдік бойынша болуы мүмкін шығыстарға арналған резерв көлемінің. Қаржылық кепілдіктер және кредиттік сипаттағы басқа да міндеттемелер бойынша болуы мүмкін шығыстарға арналған резервтер шығындардың болу ықтималдығы жоғары болған жағдайда танылады және мұндай шығындардың мөлшері жеткілікті сенімділік дәрежесімен өлшенуі мүмкін.

Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер мен кредиттік сипаттағы басқа міндеттемелер бойынша резервтер басқа міндеттемелердің құрамына кіргізіледі.

Кредит беру бойынша міндеттемелер төмендегілерді қоспағанда қаржылық есептілікте танылмайды:

- Банк өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер санатына белгілейтін кредиттерді беру бойынша міндеттемелерді;
- Банктің туындаған соң кредиттердің беру бойынша міндеттемелермен байланысты сатып алынған активтерді сату тәжірибесі болған жағдайда туынды қаржы құралдары ретінде қарастырылатын құралдар сыныбына жататын кредиттерді беру бойынша баламалы міндеттемелердің;
- есеп айырысулары шартқа сәйкес нетто-шамамен ақша қаражаттары түрінде немесе басқа қаржы құралын беру не шығару арқылы жүргізілетін кредиттерді беру міндеттемелерінің;
- нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша кредит беру міндеттемелерінің.

(и) Акционерлік капитал

(i) Жай акциялар

Жай акциялар меншік капиталдың бір бөлігі ретінде топтастырылады. Тікелей жай акциялар шығарылымымен және акцияға арналған опциондармен байланысты шығындар кез келген салықтық эффектілерді шегерумен капиталдың азаюы ретінде танылады.

(ii) Дивидендтер

Банктің дивидендтерді жариялау және төлеу мүмкіндіктері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(и) Акционерлік капитал (жалғасы)

(ii) Дивидендтер (жалғасы)

Жай акциялар бойынша дивидендтер қаржылық есептілікте оларды жариялау бойынша бөлінбеген табысты қолдану ретінде көрсетіледі.

(к) Салық салу

Табыс салық сомасына бір жылдағы ағымдағы салық сомасы және кейінге қалдырылған салық сомасы кіреді. Табыс салығы толық көлемде пайда немесе залал құрамында көрсетіледі, басқа жиынтық табыс баптарында және тікелей капитал құрамында көрсетілетін акционерлермен жүргізілетін операцияларға қатысты сомаларды қоспағанда, олар әрине басқа жиынтық табыс құрамында немесе тікелей капитал құрамында көрсетіледі.

Ағымдағы табыс салығы есептілік күнгі жағдай бойынша қолданыстағы, табыс салығының мөлшерлеме есебімен есептілік кезеңдегі болжанатын салық салынатын пайда көлемінің негізінде, сондай-ақ алдыңғы есептілік жылдарға табыс салығы сомасын нақтылау нәтижесінде туындаған міндеттемелер сомасы есепке алынады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері оларды қаржылық есептілікте және олардың салықтық базасында көрсету мақсатында анықталатын, активтер мен міндеттемелердің баланстық құны арасында туындайтын, уақытша айырмашылық қатынасында көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері қатынасында танылмайды: қаржылық есептілікте гудвилді және азайтылмайтын салық салынатын базаны көрсетумен байланысты айырмасы, айырмасы активтер мен айырмасы активтер мен міндеттемелерге қатысты, оларды бірінші көрсету факті бухгалтерлік не болмаса салық салынатын табысқа әсер етпейді; сондай-ақ еншілес кәсіпорындарға инвестиция салумен байланысты уақытша айырма, басты ұйым көрсетілген айырманы іске асыру уақытын бақылау жүргізу мүмкіндігі бар болғанда және алдағы уақытта осы көрсетілген уақытша айырмалар іске асырылмайтынына сенімділік болғанда.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін есептеу салық салдарын көрсетіп отырады, олар Банк есептілік кезең соңында орнын толтыруды немесе активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнын өтеуді жоспарлап отырған әдістерге байланысты.

Кейінге қалдырылған салық активтері алдағы уақытта қолданылмаған салықтық залалдарды және пайдаланылмаған салықтық жеңілдіктердің уақытша айырмасын жабу үшін жеткілікті салық салынатын табыс түсуі мүмкіндік бар деңгейде ғана көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтерінің көлемі салықтық талаптарды іске асырудан тиісті пайда түсінің ықтималдығы болмағанда, сол деңгейде ғана азайтылады.

(л) Табыстар мен шығындарды қаржылық есептілікте тану

Пайыздық табыстар мен шығындар тиісті пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланумен пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Кредиттерді ұйымдастырғаны үшін комиссия, несиеге қызмет көрсткені үшін комиссия және несиелер бойынша жалпы табыстылықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастырылатын, басқа комиссиялар, сондай-ақ мәмілелер бойынша тиісті шығындар алдағы кезеңдердің табыстары ретінде көрсетіледі және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданумен болжанатын қаржы құралдарының қолданыстағы мерзімі ішінде пайыздық табыс ретінде амортизацияланады.

Басқа комиссиялар, сондай-ақ басқа табыстар мен шығындар тиісті қызметтерді көрсету күніне пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(л) Табыстар мен шығындарды қаржылық есептілікте тану (жалғасы)

Операциялық жалға алу шарттары бойынша төлемдер жалға алудың қолданыстағы барлық мерзімі ішінде кезеңдерге бірқалыпты пайда немесе залал құрамында танылады. Түскен жеңілдіктер сомасы жалға алудың барлық әрекет ету мерзімі аралығында жалдау бойынша шығындардың жалпы өлшемін азайтады.

(м) Қолданысқа енгізілмеген жаңа стандарттар мен түсіндірмелер

Бірқатар жаңа стандарттар, стандартқа енгізілген түзетулер мен түсіндірулер 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданысқа әлі ендірілген жоқ және осы қаржылық есептілікті жасау барысында қолданылмады. Банк аталған стандарттарды, түзетулер мен түсініктемелерді олар қолданысқа енген күннен бастап қолдануды жоспарлап отыр.

- ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»¹;
- ХҚЕС (IFRS) 15 «Клиенттермен жасалған шарттар бойынша түскен ақша» (және ХҚЕС (IFRS) 15 түзетулер)¹;
- ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау»²;
- ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары»³;
- ХҚЕТК (IFRIC) 22 «Шетел валютасымен жасалған операциялар және өтеудің алдын ала төлемі»¹;
- ХҚЕТК (IFRIC) 23 «Пайдаға салынатын салықты есептеу ережелеріне қатысты белгісіздік»²;
- ХҚЕС (IFRS) 2 «Акциялардың негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды жіктеу және бағалау» түзетулер¹;
- ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28 «Инвестор мен оның қауымдасқан ұйымының немесе бірлескен кәсіпорынның арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе салу» түзетулер⁴;
- ХҚЕС (IAS) 40 «Инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілерінің аударымдары»¹;
- ХҚЕС (IFRS) 4 «ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдарын» ХҚЕС (IFRS) 4 «Сақтандыру шарттарымен» бірге қолдануға түзетулер¹;
- ХҚЕС (IFRS) 9 «Өлеуетті кері өтеумен мерзімінен бұрын өтеу туралы талаптар» түзетулер²;
- ХҚЕС (IAS) 28 «Қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымжар» түзетулер²;
- ХҚЕС жыл сайынғы жетілдіру, 2014-2016 жж. аралық.¹;
- ХҚЕС жыл сайынғы жетілдіру, 2015-2017 жж. аралық.².

¹ 2018 жылғы 1 қаңтарда басталатын, мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігімен жылдық есептік кезеңдерге қатысты әрекет қолданылады.

² 2019 жылғы 1 қаңтарда басталатын, мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігімен жылдық есептік кезеңдерге қатысты әрекет қолданылады.

³ 2021 жылғы 1 қаңтарда басталатын, мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігімен жылдық есептік кезеңдерге қатысты әрекет қолданылады.

⁴ Күшіне ену күні кейінірек анықталады, мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»

2009 жылғы қараша айында шығарылған ХҚЕС (IFRS) 9 қаржы активтерін (ҚА) жіктеуге және бағалауға жаңа талаптарды енгізді. 2010 жылғы қазан айында стандартқа қаржы міндеттемелерін (ҚМ) жіктеуге және бағалауға, оларды тануды тоқтатуға жаңа талаптарды енгізген жаңа түзетулер енгізілді. 2013 жылғы қараша айында стандарт хеджирлеудің есебі бойынша жаңа талаптармен толықтырылды. Стандарттың жаңартылған нұсқасы 2014 жылғы шілде айында шығарылды. Негізгі талаптар а) қаржы активтерінің құнсыздануына қойылатын

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(м) Жаңа стандарттар және әлі қолданысқа қабылданбаған түсіндірмелер (жалғасы)

талаптарға; б) жай борышкерлік құралдар үшін «басқа жиынтық кірістер арқылы әділ құн бойынша ағаланатын» (БЖКАӨҚБ) қаржы активтерінің жаңа санатын қосуды білдіретін жіктеуге және бағалауға қатысты түзетулерге қатысты болды.

ХҚЕС (IFRS) 9 негізгі талаптары:

- Қаржы активтерін жіктеу және бағалау. ХҚЕС (IFRS) 9 қолданылатын барлық танылған ҚА бастапқы танудан кейін немесе амортизацияланған құн не әділ құн бойынша бағалану керек. Атап айтқанда, құрамына тек қана негізгі сома мен ол бойынша пайыздар кіретін шартта көзделген ақша ағындарын алуға көзделген бизнес-модельдік шегінде ұсталатын борышқорлық құралдар, әдетте, амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

Мақсатына шартта көзделген ақша ағындарын алу арқылы да, қаржы активтерін сату арқылы да жететін бизнес-модельдің шегінде ұсталатын, сондай-ақ қарыздың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар мен негізгі қарыз сомасын өтеу болып қана табылатын ақша ағындарын алуға себепші болатын шартты талаптары бар борышқорлық құралдар әдетте БЖКАӨҚБ бойынша көрсетіледі. Барлық басқа борышқорлық және үлестік құралдар әділ құн бойынша бағаланады. Сонымен қатар, ұйым ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес күшін жою құқығынсыз үлестік құралдар (сауда-саттыққа арналмаған және сатып алушы бизнестерді біріктіру бойынша мәміленің шегінде таныған шартты өтеу болып табылмайтын) құнының алдағы өзгерістерін пайдада немесе зиянда тек қана дивидендтен түскен кірісті тани отырып, басқа жиынтық кірістің құрамында көрсету шешімін қабылдауы мүмкін.

- *Қаржы міндеттемелерін жіктеу және бағалау.* Пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері болып жіктелген қаржы міндеттемелерінің әділ құнының өз несие тәуекелдерінің өзгеруімен байланысты өзгерістер мұндай тану пайдаларды немесе зияндарда есеп теңгерімсіздігінің пайда болуына немесе артуына алып келмесе, басқа жиынтық кірісте танылу керек. Қаржы міндеттемелерінің өз несие тәуекелінің өзгеруіне байланысты әділ құнның өзгеруі пайдалар немесе зияндар туралы есепке қайта жіктелуге жатпайды. ХҚЕС (IAS) 39 сәйкес пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелері болып жіктелетін қаржы міндеттемелерінің әділ құнының өзгерістері пайдалар немесе зияндар туралы есепте толықтай танылды.

- *Құнсыздану.* Қаржы активтерінің құнсыздануын анықтау кезінде ХҚЕС (IFRS 9) күтілетін кредиттік шығыстар моделін ХҚЕС (IAS) 39-да көзделген келтірілген шығыстар моделінің орнына пайдалануды талап етеді. Күтілетін кредиттік шығыстар моделі болжалды кредиттік шығыстар мен олардың өзгерістерін несие тәуекелі деңгейіндегі өзгерістерді қаржы активтерін тану күнінен бастап көрсету үшін әрбір есеп беретін күні есепке алуды талап етеді. Басқаша айтқанда, құнсыздануды тану үшін жоғары несие тәуекелін растайтын оқиғаларды күтудің қажеті жоқ.

- *Хеджирлеу есебі.* Хеджирлеудің есебін жүргізудің жаңа ережелерінің ХҚЕС (IAS) 39 белгілеген үш түрлі хеджирлеу қатынастары бар. ХҚЕС (IFRS 9) хеджирлеу есебін әртүрлі транзакцияларға қолдану мүмкіндігіне қатысты ережелерді жеңілдеткен, хеджирлеу құралдарымен танылуы мүмкін қаржы құралдарының қатарын, сондай-ақ хеджирлеу есебін қолдануға болатын қаржылық емес баптар тәуекелдерінің компоненттерінің қатарын кеңейтті. Сонымен қатар, тиімділігін тестілеу тұжырымдамасы экономикалық өзара байланыстың болу қағидасына ауыстырылды. Хеджирлеу есебінің тиімділігін ретроспективалық бағалау енді талап етілмейді. Тәуекелдерді басқару туралы ақпаратты ашуға қойылатын талаптар айтарлықтай кеңейтілді.

Банктің 2017 жылғы 31 желтоқсан күнгі қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін, сондай-ақ осы күнгі фактілер мен мән-жайларды талдаудың негізінде Банк басшылығы ХҚЕС (IFRS) 9 —ң Банктің қаржылық есептілігіне әсерін бағалады:

Жіктеу және бағалау

- Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар ретінде жіктелген вексельдер мен қамтамасыз етілмеген облигациялар, сондай-ақ амортизацияланған құн бойынша ескерілетін қарыздар

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(м) Жаңа стандарттар және әлі қолданысқа қабылданбаған түсіндірмелер (жалғасы)

мақсаты тек қана шартта көзделген қарыздың негізгі сомасының және негізгі қарыздың өтелмеген бөлігіне пайыздардың есебіне төлемдер болып табылатын ақша ағындарын алу болып табылатын бизнес-модельдің шегінде ұсталады. Сәйкесінше, бұл қаржы активтері ХҚЕС (IFRS) 9 өткен соң амортизацияланған құн бойынша есепке алынады;

- сатуға арналған қолда бар инвестициялар ретінде жіктелген сатылатын өтелетін облигациялар әділ құн бойынша бағаланады: мұндай құралдар мақсатына шартта көзделген ақша ағындарын алу арқылы да, облигацияларды ашық нарықта сату арқылы да қол жеткізілетін бизнес-модельдің шегінде ұсталады, бұл ретте шартты талаптар тек қана негізгі қарыз сомасын және негізгі қарыз сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздарды өтеу болып табылатын белгілі бір күндердегі ақша ағындарын алуды көздейді.

Сәйкесінше, сатылатын өтелетін облигациялар ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес БЖКАӘҚБ ретінде бастапқы танудан кейін есепке алынады, бұл ретте инвестицияларды қайта бағалау резервінде жинақталған пайдалар немесе зияндар тануды тоқтатқан немесе облигацияларды қайта жіктеген кезде пайдалардың немесе зияндардың құрамына қайта жіктеледі;

- сатуға арналған қолда бар инвестициялар ретінде жіктелген сатылмайтын акциялар; ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес БЖКАӘҚБ құралдары ретінде ұйымның өз білгенінше жіктелуі мүмкін; алайда, ағымдағы есеп моделіне қарағанда, инвестицияларды қайта бағалау резервінде жинақталған әділ құнның өзгеруінен болған пайдалар немесе зияндар кейіннен пайдалардың немесе зияндардың құрамында қайта жіктелмейді. Бұл пайдалардың немесе зияндардың және басқа да жиынтық кірістің құрамында көрсетілген сомаларға әсер еткенімен, жиынтық кіріске әсер етпейді;

- Барлық басқа қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес көрсетілгенде ХҚЕС (IAS) 39 ұқсас көрсетіледі.

Құнсыздану

ХҚЕС (IFRS) 9 құнсыздану бойынша талаптар амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы активтеріне, ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес БЖКАӘҚБ сияқты есепке алынатын сатылатын өтелетін облигацияларға қатысты қолданылады.

ХҚЕС (IFRS) 9 енгізу кезінде Банктің қаржылық есептілігіне құнсыздану бойынша жаңа талаптардың қолданылуы айтарлықтай әсер етеді деп болжанады. Құнсызданудан болған зиян көбейіп, ХҚЕС (IFRS) 9 құнсыздану моделінің шегінде қаржы құралдары үшін құбылмалырақ болады. ХҚЕС (IFRS) 9 өтудің әсері 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша капиталдың құрамында танылады, бұл ретте Банк Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген капиталға қойылатын минималды талаптарды орындауды жалғастырады.

Стандарт күшіне енген күні күтілетін кредиттік зиян моделінің ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес қолданылуы кредиттік зиянның ертерек танылуына алып келіп, осы баптарға қатысты көрсетілген құнсыздану сомасын 112,938 мың теңгеге көбейтті.

ХҚЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімдер»

2014 жылғы мамыр айында сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімді есептеудің бірыңғай кешенді моделі белгіленген ХҚЕС (IFRS) 15 жарияланды. Күшіне енген соң ХҚЕС (IFRS) 15 түсімді тану бойынша қолданыстағы стандарттарды, оған қоса ХҚЕС (IAS)18 «Түсім», ХҚЕС (IAS)11 «Құрылысқа арналған шарттар» және тиісті түсіндірмелерді алмастырады.

ХҚЕС (IFRS) 15 басты қағидасы: ұйым түсімді беруге уәде берілген тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыларға берген сайын ұйым күткендей оның тауарлардың немесе қызметтердің орнына құқығы бар сыйақыға сәйкес келетін сомада тану керек. Атап айтқанда, стандарт түсімді танудың бес кезеңді моделін енгізеді:

- 1-кезең: Сатып алушылармен шартты (шарттарды) анықтау.
- 2-кезең: Шарт бойынша орындауға міндеттерді анықтауға.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(м) Жаңа стандарттар және әлі қолданысқа қабылданбаған түсіндірмелер (жалғасы)

- 3-кезең: Мәміле бағасын анықтау.
- 4-кезең: Шарт бойынша міндеттердің арасындағы мәміле бағасын үлестіру.
- 5-кезең: Шарт бойынша орындауға міндеттерді ұйым орындаған кезде/орындаған соң түсімді тану.

ХҚЕС (IFRS) 15 сәйкес ұйым орындаушының міндеттемесі орындалған кезде немесе орындалған сайын, яғни орындаушының міндеттемесін құрайтын тауарларды немесе қызметтерді бақылау сатып алушыға көшкен кезде таниды. Стандартта әртүрлі мәмілелердің есебіне қатысты егжей-тегжейлі талаптар келтірілген. Сонымен қатар, ХҚЕС (IFRS) 15 ауқымды ақпарат көлемінің ашылуын талап етеді.

2016 жылғы сәуір айында ХҚЕС жөніндегі Кеңес орындауға, «принципал-агент» қатынастарын талдауға, сондай-ақ лицензиялау жөніндегі нұсқаулықты қолдануға міндеттерді сәйкестендіруге қатысты ХҚЕС (IFRS) 15-ке Түзетулерді шығарды.

[Банк басшылығы ХҚЕС (IFRS) 15-ті ретроспективалы түрде пайдалануды жоспарлауда. Түсімге қатысты ақпаратты толығырақ ашу туралы талапты қоспағанда, басшылық ХҚЕС (IFRS) 15 қолданылуы Банктің қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне айтарлықтай әсер етеді деп күтпейді.

ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау»

ХҚЕС (IFRS) 16 жалгердің де, жалға берушінің де тарапынан жалдау және есептеу келісімдерін анықтаудың бірыңғай моделін енгізеді. Күшіне енгеннен кейін жаңа стандарт ХҚЕС (IAS) 17 «Жалдау» және барлық байланысты түсіндірмелерді алмастырады.

ХҚЕС (IFRS) 16 жалдау шарттарын және қызмет көрсету шарттарын сатып алушының сәйкестендірілген активті бақылауының-бақыламауының негізінде ажыратады. Жалгер үшін операциялық жалдау (баланстан тыс есеп) мен қаржылық жалдаудың (баланста есебін жүргізу) арасы бөлінбейді, оның орнына жалгердің есебінде пайдалану нысанындағы актив және қысқа мерзімді жалдауды және құны төмен активтерді жалдауды қоспағанда, барлық жалдау шарттарына (барлық шарттар бойынша баланста есептеу) қатысты тиісті міндеттеме танылуға тиіс модель қолданылады.

Пайдалану құқығы нысанындағы актив бастапқыда бастапқы құн бойынша танылады және бастапқы танудан кейін жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған зиянды жалдау бойынша міндеттемені қайта бағалауға түзете отырып, шегергенде бастапқы құн (бірнеше ескертпелерді есептегенде) бойынша есепке алынады. Жалдау бойынша міндеттеме бастапқыда қалған жалдау төлемдерінің құны бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін жалдау бойынша міндеттеме жалдау төлемдері мен міндеттеме бойынша пайыздарға, сондай-ақ олардан басқа, жалдау шарты түрлендімдерінің әсеріне түзетіледі. Сонымен қатар, ақша ағындарының жіктелуі де өзгереді, себебі операциялық жалдау шарттары бойынша төлемдер ХҚЕС (IAS) 17 сәйкес операциялық қызметтен түскен ақша ағындары ретінде жіктеледі, ал ХҚЕС (IFRS) 16 сәйкес жалдау төлемдері негізгі міндеттеме сомасы мен сәйкесінше, қаржылық және операциялық қызметтен түскен ақша ағындары ретінде көрсетілетін пайыздарды өтеуге бөлінеді.

Жалгер тарапынан есептің жүргізілуіне қарағанда, жалға берушінің ХҚЕС (IFRS) 16 сәйкес жүргізетін есебі ХҚЕС (IAS) 17 салыстырғанда дерлік өзгеріссіз қалды және жалдау шартын операциялық немесе қаржылық жалдауға бөлуді талап етеді.

Сонымен бірге, ХҚЕС (IFRS) 16 сәйкес ақпаратты ашуға қойылатын талаптар айтарлықтай көбейді.

2017 жылғы 31 желтоқсанда Банктің операциялық жалдау шарты бойынша 23,863 мың теңге сомасына шартты міндеттемелері болған. ХҚЕС (IAS) 17 осы жалдау шарттарына қатысты активтерді пайдалану құқығы немесе болашақ төлемдер бойынша міндеттеме нысанында

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(м) Жаңа стандарттар және әлі қолданысқа қабылданбаған түсіндірмелер (жалғасы)

тануды талап етпейді, оның орнына операциялық жалдау бойынша шартты міндеттемелерге қатысты белгілі бір ақпарат 26-ескертпеде ашылған.

Алдын ала жасалған талдау бұл келісімдердің ХҚЕС (IFRS) 16 сәйкес жалдау анықтамасына сәйкес болатынын көрсетеді, сәйкесінше, Банк осы шарттарға қатысты активтерді, сәйкесінше, ХҚЕС (IFRS) 16 сәйкес қысқа мерзімді жалдау немесе құны төмен активтерді жалдау критерийлеріне сәйкес болатын шарттарды қоспағанда, пайдалану құқығы және жалдау бойынша міндеттеме нысанында көрсетеді.

Активтерді пайдалану құқығы және тиісті жалдау міндеттемесі нысанында танудың жаңа талабы Банктің қаржылық есептілігінде танылған сомаларға айтарлықтай әсер етпейді деп болжануда.

ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары»

Жаңа стандарт сақтандыру шарттары бойынша тану, бағалау, ұсыну және ашу қағидаларын белгілейді және ХҚЕС (IFRS) 4 «Сақтандыру шарттары» алмастырады:

- ХҚЕС (IFRS) 17 тікелей қатысу талаптары қойылатын сақтандыру шарттары үшін түрлендірілетін және айнымалы сыйақы әдісі ретінде анықталатын жалпы модельді білдіреді. Егер белгілі бір критерийлер қанағаттандырылса, жалпы модель міндеттемені сыйлықақыны үлестіру әдісін пайдаланып қалған өтеу бойынша бағалау арқылы ықшамдалады.
- Жалпы модельде соманы, мерзімдерді және болашақ ақша ағындарына қатысты белгісіздікті бағалау үшін ағымдағы жорамалдар қолданылады және ол осы белгісіздіктің құнын бағалайды. Модель нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді және сақтандырушылардың опциондары мен кепілдіктерінің әсерін ескереді.
- Сақтандыру полистерін сатудан түскен пайда жеке кейінге қалдырылған міндеттеме ретінде көрсетіледі және сақтандыру шарттары топтары бойынша біріктіріледі; содан кейін жүйелі негізде болашақ өтеуге қатысты жорамалдардағы өзгерістермен байланысты түзетулер ескеріліп, сақтандыру өтеуін ұсыну кезеңінің ішінде пайдада немесе зиянда танылады.
- Қолдану аясын есепке ала отырып, белгілі бір талаптарға сәйкес келетін сыйақысы тиянақталған кейбір келісімшарттар ХҚЕС (IFRS) 17 қолданудың орнына ХҚЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» сәйкес есепке алынуы мүмкін.

Стандарт 2021 жылғы 1 қаңтарда басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, ХҚЕС (IFRS) 17 бастапқы пайдалану күні немесе одан ерте уақыттан бастап ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 15 қолданатын ұйымдарға мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Ұйымдар ХҚЕС (IFRS) 17 ретроспективалы түрде қолдану керек, бірақ мұны іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болса, олай болмаған жағдайда түрлендірілген ретроспективалық тәсіл немесе әділ құн бойынша есеп қолданылу керек.

Басшылық стандарттың қолданылуы Банктің сақтандыру шарттары болмаған соң Банктің қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етеді деп күтпейді.]

ХҚЕС (IFRS) 2 «Акциялардың негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды жіктеу және бағалау» түзетулер

Түзетулер төмендегі аспектілерді түсіндіреді:

1. Ақша қаражаттарымен есеп айырысулармен акциялардың негізіндегі төлемдердің әділ құнын бағалау кезінде құқықтардың ауысу талаптары үлестік құралдармен есеп айырысулармен акциялардың негізіндегі төлемдердің есебіне ұқсас есепке алынады.
2. Егер салық заңнамасына сәйкес ұйым қызметкердің кейіннен салық органдарына берілетін (яғни, акциялардың негізіндегі төлемдер туралы келісімде «нетто-негізде есеп

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(м) Жаңа стандарттар және әлі қолданысқа қабылданбаған түсіндірмелер (жалғасы)

айырысулардың талабы» бар) салық міндеттемесінің ақшалай бағасына тең үлестік құралдардың белгілі бір санын ұстап қалуға міндетті болса, мұндай келісім үлестік құралдармен есеп айырысулармен акциялардың негізіндегі төлемдер ретінде толығымен жіктелуі керек. Ол нетто-негізіндегі есеп айырысулардың талабы болмаған жағдайда осылай жіктелуі мүмкін.

3. Нәтижесінде операция ақша қаражаттарымен есеп айырысулармен жасалатын операция ретінде жіктелуін тоқтататын және үлестік құралдармен есеп айырысулармен жасалатын операция ретінде жіктеле бастайтын акциялардың негізіндегі төлемдер бойынша операциялардың өзгеруі төмендегідей ескерілуі керек:

- алдыңғы міндеттемені тану тоқтатылады;
- үлестік құралдармен есеп айырысулармен акциялардың негізіндегі төлемдер бойынша операция қызметтер алынған көлемде өзгерген күнгі ұсынылған үлестік құралдардың әділ құны бойынша танылады;
- өзгеру күнгі міндеттеменің баланстық құны мен капиталдың құрамында танылған соманың арасындағы айырма бірден пайдалардың немесе зияндардың құрамында танылады.

Түзетулер 2018 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Арнайы ауысу ережелері қолданылады.

Банк басшылығы болашақта түзетулердің қолданылуының Банктің қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етеді деп күтпейді, себебі Банктің ақша қаражаттарымен есеп айырысулармен акциялардың негізіндегі төлемдер бойынша операциялары, сондай-ақ акциялардың негізіндегі төлемдер бойынша операциялармен байланысты табыс салығын ұстап қалуға қатысты қандай да бір міндеттемелері болмаған.

ХҚЕС (IAS) 40 «Инвестициялық жылжымайтын мүліктің аударымдары» түзетулер

Түзетулер жылжымайтын мүлік объектілерін инвестициялық жылжымайтын мүлік санатына немесе санатынан ауыстыру үшін инвестициялық жылжымайтын мүлік анықтамасының орындалып жатқанын немесе орындауын тоқтатқанын талдау қажет екенін, оның жылжымайтын мүлік объектісін пайдалану сипатының өзгеруінің объективті дәлелдерімен расталу керектігін түсіндіреді. Түзетулер стандартта мысалдар ретінде келтірілгендерден басқа жағдайлардың пайдалану сипатының өзгеруінің дәлелі болуы мүмкін екенін ерекше көрсетеді. Сонымен бірге, пайдалану сипаты салынып жатқа құрылыс объектілерінде де өзгеруі мүмкін (яғни, пайдалану сипатының өзгеруі тек қана дайын объектілермен шектелмейді).

Түзетулер 2018 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерде қолданылады, мерзімінен бұрын пайдалануға жол беріледі. Ұйымдар түзетулерді ретроспективалы түрде немесе келешекте пайдалана алады (тек қана соңғы ақпаратты пайдаланусыз мүмкін болса). Арнайы ауысу ережелері қолданылады.

Бсшылық аталған түзетулердің қолданылуының болашақ кезеңдерде Банктің қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтеді, себебі оның инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілері жоқ).

ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28 «Инвестордың және оның қауымдасқан ұйымының немесе бірлескен кәсіпорынның арасындағы мәмілелердегі активтерді сату немесе салу» түзетулер

ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28 түзетулер инвестордың және оның қауымдасқан ұйымының немесе бірлескен кәсіпорынның арасындағы активтерді сату немесе салу жағдайларында қолданылады. Атап айтқанда, түзетулер бизнес болып табылмайтын еншілес

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(м) Жаңа стандарттар және әлі қолданысқа қабылданбаған түсіндірмелер (жалғасы)

ұйымды басқарудан айрылудан болған пайдалар немесе зияндар үлестік қатысу әдісімен ескерілетін қауымдасқан ұйыммен немесе бірлескен кәсіпорынмен мәміледе осы қауымдасқан ұйымда немесе бірлескен кәсіпорында басқа байланысты емес инвесторлардың үлесінде ғана бас компанияның пайдаларының немесе зияндарының құрамында танылады. Осыған ұқсас, бұрынғы (қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестиция ретінде жіктелетін және үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын) еншілес ұйымда қалған үлестің әділ құнына дейін қайта бағалаудан болған пайдаларды немесе зияндарды бұрынғы бас компания тек қана жаңа қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға байланысты емес инвесторлардың үлесінде таниды.

Күшіне ену күнін ХҚЕС жөніндегі Кеңес анықтау керек, алайда мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

Банк басшылығы бұл түзетулердің қолданылуы, егер осындай транзакциялар болса, болашақ кезеңдерде Банктің қаржылық есептілігіне әсер етуі мүмкін деп күтеді.

ХҚЕТК (IFRIC) 22 «Шетел валютасымен жасалған операциялар және аванстық төлемді өтеу»

ХҚЕТК актив, шығыс немесе кіріс үшін шетел валютасымен аван түрінде төленген немесе алынған және ақшалай емес міндеттемені немесе активті (яғни, өтелмейтін алдын ала төлемді немесе алдын ала төленген кіріске қатысты міндеттемені) тануға алып келген жағдайда сол активті, шығысты немесе кірісті бастапқы тану кезінде қолдану қажет айырбастау бағамын анықтау үшін операцияның күнін ақшалай анықтау керегін түсіндіреді.

Түсіндірме операция күнінің төлеудің немесе алдын ала төлем түсімінің нәтижесінде ақшалай емес активті немесе міндеттемені тану күні болып табылатынын түсіндіреді. Егер ұйым бірнеше алдын ала төлем жасаса немесе алса, онда операция күні әрбір төлем немесе алдын ала төлемдер түсімі үшін бөлек анықталады.

ХҚЕТК 2018 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерде қолданылады, мерзімінен бұрын пайдалануға жол беріледі. Ұйымдар ХҚЕТК ретроспективалы немесе перспективалы түрде пайдалана алады. Ауысу бойынша арнайы талаптар перспективалы пайдалану кезінде қолданылады.

Басшылық осы ХҚТЕК қолданылуының Банктің қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етеді деп есептемейді, себебі ХҚЕТК (IFRIC) 22 талаптарына ұқсас есеп қолданылуда.

ХҚЕТК (IFRIC) 23 «Пайдаға салынатын салықты есептеу ережелеріне қатысты белгісіздік»

ХҚЕТК (IFRIC) 23 салықтық түсіндірмелер белгісіз болған жағдайдағы пайдаға салынатын салықты қалай есепке алу керегін түсіндіреді. Түсіндіру ұйымның:

- әрбір салықтық түсіндірмені бөлек немесе бір не бірнеше басқа белгісіз салықтық түсіндірмелермен бірге қарау қажет не қажет емес екенін анықтайын; және
- салық органының пайдаға салынатын салық бойынша декларацияны дайындау кезінде пайдаланған немесе пайдалануды жоспарлаған белгісіз салықтық түсіндірмемен келісетінінің жоғары ықтималдығының бар-жоғын бағалауын;
- егер жоғары ықтималдық болса, ұйымның пайдаға салынатын салықты осындай салықтық түсіндірмеге сәйкес есепке алуын;
- егер жоғары ықтималдық болса, ұйымның пайдаға салынатын салықты есепке алу кезінде белгісіздіктің әсерін көрсетуін талап етеді.

ХҚЕТК 2019 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерде қолданылады, мерзімінен бұрын пайдалануға жол беріледі. Ұйымдар ХҚЕТК ретроспективалы түрде (егер соңғы ақпаратты пайдаланусыз мүмкін болса) немесе салыстырмалы ақпаратты қайта есептеусіз түрлендірілген рестроспективалы тәсілді пайдаланып қолданады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(м) Жаңа стандарттар және әлі қолданысқа қабылданбаған түсіндірмелер (жалғасы)

Басшылық осы ХҚТЕК қолданылуының Банктің қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етеді деп күтпейді, себебі ХҚЕТК (IFRIC) 23 талаптарына ұқсас есеп қолданылуда.

ХҚЕС (IFRS) 4 «Сақтандыру шарттары» бірге ХҚЕС (IFRS) 10 «ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» қолданылуы» түзетулер

Түзетулер қызметі негізінен сақтандырумен байланысты ұйымдарға ХҚЕС (IAS) 39 на ХҚЕС (IFRS) 9 көшуді, егер ол 2021 жылғы 1 қаңтардан бұрын басталса, 2021 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе жаңа сақтандыру стандартын пайдалану күніне дейін басталатын кезеңге дейін қалдыруға рұқсат береді. Ұйым қызметінің басым бөлігі сақтандырумен байланысты не байланысты еместігін бағалау 2016 жылғы 1 сәуірдің алдындағы жылдық есепті күнгі жағдай бойынша есеп беріп жатқан ұйымның деңгейінде жасалу керек. Кейіннен бағалау ұйым қызметінде белгілі бір критерийлерге сәйкес келетін айтарлықтай өзгеріс болған жағдайда ғана қайта жасалу керек. Ұйым 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты ХҚЕС (IFRS) 9 қолданудан уақытша босатумен байланысты түзетулерді пайдалану керек.

Сонымен қатар, түзетулер ХҚЕС (IFRS) 4 пайдалану саласында сақтандыру шарттары бар барлық ұйымдарға ХҚЕС (IFRS) 9 толығымен пайдалануға, бірақ басқа жиынтық кірістегі пайдалардың немесе зияндардың құрамынан ұйым таңдап алған белгілі бір қаржы ұйымдарына қатысты ХҚЕС (IAS) 39 салыстырғанда ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес есептегі айырмалар сомаларын қайта жіктеуге мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл «салу әдісі» деп аталады және осы тәсіл қолданылатын активтерді анықтауға және таңдап алынған активтерге қатысты осы тәсілді пайдалануды тоқтатуға қатысты арнайы талаптарды ескере отырып, жекелеген активтерге қатысты қолданылуы мүмкін. Ұйым алғашқы рет ХҚЕС (IFRS) 9 пайдаланған кезде өз білгенінше белгілі бір қаржы активтеріне салу әдісін пайдалануға рұқсат ететін көрсетілген түзетулерді пайдалану керек.

Басшылық аталған түзетулердің қолданылуының Банктің қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер ететінін күтпейді, себебі оның ХҚЕС (IFRS) 4 қолданылатын сақтандыру шарттары жоқ.

ХҚЕС жыл сайын жетілдірулер, 2014-2016 жылдар аралығы

«Жыл сайынғы жетілдірулер» құжатына әлі күшіне енген ХҚЕС (IFRS) 1 және ХҚЕС (IAS) 28 түзетулер жатады. Сонымен қатар құжатта ағымдағы жылы күшіне енген ХҚЕС (IFRS) 12 түзетулер бар. Өзгерістердің толығырақ сипаттамасын «Қаржылық есептілікке әсер ететін стандарттар» бөлімінен қараңыз.

ХҚЕС (IAS) 28 түзетулер венчурлық инвестицияларға маманданатын ұйымдардың және соған ұқсас ұйымдардың қауымдасқан ұйымдарға және бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларын қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға әрбір жеке инвестицияға қатысты ОССЧПиУ ретінде есепке алу туралы шешім қабылдай алатынын және бұл таңдаудың тиісті инвестицияны бастапқы тану кезінде жасалу керектігін түсіндіреді. Сондай-ақ өзі инвестициялық ұйым болып табылмайтын, бірақ инвестициялық ұйымдар болып табылатын қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға қатысу үлесі бар ұйым үшін үлестік қатысу әдісін пайдалану кезінде инвестициялық ұйымдар болып табылатын қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны олардың еншілес ұйымдарға қатысу үлестеріне қолданған әділ құн бойынша бағалауды сақтау туралы таңдау сондай-ақ инвестициялық ұйымдар болып табылатын әрбір қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға қатысты да қолданылады. Түзетулер ретроспективалы түрде қолданылады, мерзімінен бұрын пайдалануға жол беріледі.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)

(м) Жаңа стандарттар және әлі қолданысқа қабылданбаған түсіндірмелер (жалғасы)

ХҚЕС (IFRS) 1 және ХҚЕС (IAS) 28 түзетулер 2018 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерде қолданылады.

Банк басшылығы болашақта түзетулердің қолданылуы Банктің қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етеді деп күтпейді, себебі Банк ХҚЕС алғашқы рет қолдануда және венчурлық инвестицияларда маманданатын ұйым болып табылмайды. Сонымен қатар, Банктің инвестициялық ұйымдар болып табылатын қауымдасқан ұйымдарға немесе бірлескен кәсіпорындарға салған инвестициялары жоқ.

ХҚЕС жыл сайынғы жетілдірулері, 2015-2017 жылдар аралығы

«ХҚЕС жыл сайынғы жетілдірулері, 2015-2017 жылдар аралығы» құжаты бірнеше стандартқа түзету енгізеді.

ХҚЕС (IFRS) 3 түзетулер бірлескен операция болып табылатын бизнесті бақылаудан айрылған кезде ұйымның осы бизнесте болған үлесін қайта бағалайтынын түсіндіреді. ХҚЕС (IFRS) 11 түзетулер бірлескен операция болып табылатын бизнесті бірлескен бақылауды иеленген кезде ұйымның осы бизнестегі үлестерін қайта бағаламайтынын түсіндіреді.

ХҚЕС (IAS) 12 түзетулер дивидендтерді төлеудің (яғни, пайданы бөлудің) салықтық салдарының салықтың қалай пайда болатынына қарамастан, пайдалар немесе зияндар туралы есепте көрсетілуге тиіс екенін көрсетеді.

ХҚЕС (IAS) 23 түзетулер квалификацияланатын активті алу үшін арнайы алынған кредит немесе қарыз тиісті актив міндеті бойынша пайдалану немесе сатуға дайын болған күні өтелмеген болып қалған жағдайда капиталдандыру мөлшерлемесін есептеу үшін мұндай кредиттің немесе қарыздың жалпы мақсатта алынған қарыз қаражаттарының бір бөлігіне айналатынын түсіндіреді.

Барлық түзетулер 2019 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерде қолданылады.

Банк басшылығы түзетулердің болашақта қолданылуы Банктің қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етеді деп күтпейді.

(н) Қаржылық есептілікке әсер ететін стандарттар

Төменде келтірілген жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірмелер алғашқы рет ағымдағы кезеңде қолданылды және осы қаржылық есептілікте келтірілген қаржылық көрсеткіштерге әсер етті.

ХҚЕС (IAS) 7 «Ақпаратты ашу саласындағы бастамашылық» түзетулер

Банк осы түзетулерді ағымдағы кезеңде алғаш рет қолданды. Түзетулер қаржылық есептілікті пайдаланушыларға қаржылық қызметтің нәтижесіндегі мән-жайлардың өзгерістерін, оған қоса ақша ағындары себепші болған өзгерістерді де, ақшалай емес өзгерістерді де бағалауға көмектесетін ақпаратты ашуға қатысты талаптарды енгізеді.

Банктің қаржылық қызмет бойынша міндеттемелері кредиттердің және қарыздардың нәтижесінде пайда болады (21-ескертпе). Кіріс және шығыс қалдықтарын салыстыру көрсетілген ескертпеде келтірілген. Түзетулердің ауыспалы ережелеріне сәйкес Банк алдыңғы кезеңге қатысты салыстырмалы деректерді ашқан жоқ. 21-ескертпеде көрсетілген ақпаратты қосымша ашудан басқа, бұл түзетулердің қолданылуы Банктің қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

ХҚЕС (IAS) 12 «Өткізілмеген зияндарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін тану» түзетулер

Банк бұл түзетулерді алғашқы рет ағымдағы жылы қолданды. Түзетулерде оған қарсы ұйымның шегерілетін уақыт айырмалары есепке алынуы мүмкін айтарлықтай салық салынатын пайдасының болуын қалай бағалау керектігіне қатысты түсіндірмелер келтірілген.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ (жалғасы)**(н) Қаржылық есептілікке әсер ететін стандарттар (жалғасы)**

Бұл түзетулердің қолданылуы Банктің қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер еткен жоқ, себебі Банк болашақ салық салынатын пайданың жеткіліктілігін түзетулерге көрсетілген тәсілге сәйкес келетін тәсілмен бағалайды.

ХҚЕС жыл сайынғы жетілдіру, 2014-2016 жылдар аралығы

Банк «Жыл сайынғы жетілдірулерге, 2014-2016 жылдар аралығы» енгізілген ХҚЕС (IFRS) 12 түзетулерді биылғы жылы алғаш рет қолданды. Осы құжаттың құрамына кіретін басқа түзетулер ағымдағы кезеңде пайдалануға міндетті түзетулер болып табылмайды және мерзімінен бұрын қолданылған жоқ.

ХҚЕС (IFRS) 12 түзетулер ұйымдардың еншілес және қауымдасқан ұйымдарға, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындарға сатуға арналған болып жіктелетін (немесе жіктелетін есептен шығып жатқан топтың құрамына кіргізілетін) қатысу үлестеріне қатысты жиынтық қаржылық ақпаратты алуға қойылатын талаптардан босатылғанын түсіндіреді. Түзетулер бұл босатудың осындай қатысу үлестеріне қатысты ашуға қойылатын жалпы тадаптардан жалғыз ескертпе болып табылатынын түсіндіреді.

Бұл түзетулердің қолданылуы Банктің қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер еткен жоқ.

4. ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС

	2017 ж.	2016 ж.
Пайыздық кірістер		
Клиенттерге берілген кредиттер	1,345,460	1,099,491
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	534,796	226,850
Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар	187,881	103,774
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтері	72,891	77,062
Банктерге берілген кредиттер	15,172	68,107
Банктердегі шоттар мен депозиттер	201	21,195
	2,156,401	1,596,479
Пайыздық шығыстар		
Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған қарыздар бойыша сыйақы	(171,638)	-
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	(414,810)	(179,363)
Банктердің шоттары мен депозиттері	(990)	(28,649)
«РЕПО» мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	(112)	(49)
	(587,550)	(208,061)
	1,568,851	1,388,418

5. КОМИССИЯЛЫҚ КІРІСТЕР

	2017 ж.	2016 ж.
Аудару операциялары	44,422	37,372
Кассалық операциялар	12,452	15,313
Кепілдіктер	1,405	2,659
Аккредитивтер	60	426
Басқа	2,944	2,543
	61,283	58,313

6. КОМИССИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

	2017 ж.	2016 ж.
Алынған кепілдіктер	19,116	-
Аудару операциялары	17,631	14,241
Брокерлік қызметтер	1,324	1,020
Басқа	6,678	3,934
	44,749	19,195

7. ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫМЕН ЖАСАЛҒАН ОПЕРАЦИЯЛАРДАН ТҮСКЕН ТАЗА ПАЙДА

	2017 ж.	2016 ж.
Дилингтік операциялар, нетто	116,319	103,220
Бағамдық айырмалар, нетто	17,288	1,712
	133,607	104,932

8. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ШЫҒЫСТАР

	2017 ж.	2016 ж.
Қызметкерлердің сыйақылары	584,346	558,231
Салықтар және еңбекақыдан аударылатын төлемдер	60,046	56,464
	644,392	614,695

9. БАСҚА ЖАЛПЫШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

	2017 ж.	2016 ж.
Операциялық жалдау бойынша шығыстар	74,659	83,712
Кәсіби қызметтер	64,446	44,985
Тозу және амортизация	53,602	18,257
Байланыс қызметтері және ақпараттық қызметтер	45,484	64,848
Бағдарламалық қамтамасыз етуді сүйемелдеу	25,606	25,783
Пайдалану шығыстары	19,404	12,173
Мүшелік жарналар	17,725	5,281
Сақтандыру шығыстары	14,309	6,770
Жарнама және маркетинг	8,197	3,013
Көлік шығыстары	6,991	9,994
Қауіпсіздік	6,910	8,037
Өкілдік шығыстар	6,475	5,413
Іссапар шығыстары	5,762	4,191
Кеңселік керек-жарақтар	5,506	2,675
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету	2,724	3,561
Негізгі құралдарды есептен шығару	1,669	4,710
Басқа	50,933	21,001
	410,402	324,404

10. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

Банк ағымдағы кезең үшін салық бойынша есептеулерді Қазақстан Республикасының салық заңнамасы талаптарына сәйкес жүзеге асырылатын салықтық есеп деректерінің негізінде жасайды. 2017 және 2016 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішіндегі табыс салығы бойынша шығыстар төменде көрсетілген:

	2017 ж.	2016 ж.
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар		
Есепті кезең	(62,576)	(108,642)
Өткен есепті кезең ішіндегі артық төлемдер	12,404	-
Уақыт айырмаларының пайда болуының және қалпына келуінің нәтижесіндегі кейінге қалдырылған салықтардың өзгеруі	15,126	754
Табыс салығы бойынша шығыстардың жиыны	(35,046)	(107,888)

2017 жылы Қазақстан Республикасында корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі 2017 және 2016 жылдардың ішінде 20% деңгейінде белгіленді.

Белгілі бір шығыстар түрлері салық салу кезінде есепке алынбайтындықтан, сондай-ақ салық салынатын кірістің болу себебінен Банктің белгілі бір тұрақты салық айырмалары пайда болады.

10. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)

2017 және 2016 жж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін табыс салығы бойынша тиімді мөлшерлеменің есебі:

	2017 ж.	2016 ж.
Табыс салығын шегергенге дейінгі пайда	220,328	587,869
Табыс салығы бойынша қолданыстағы мөлшерлемеге сәйкес есептелген табыс салығы	44,066	117,574
Бағалы қағаздармен жасалған операциялардан түскен салық салынбайтын кіріс	(52,154)	(36,167)
Басқа шегерілмейтін шығыстар	43,134	26,481
	35,046	107,888
Табыс салығы бойынша тиімді мөлшерлеме	15,9%	18,3%

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері

Активтер мен міндеттемелердің қаржылық есептілікте көрсетілген құны мен салық салынатын базаны есептеу үшін қолданылатын сомалардың арасындағы уақыт айырмалары 2017 жылғы 31 желтоқсандағы және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің пайда болуына алып келеді.

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардың ішіндегі уақыт айырмалары шамаларының өзгеруі төмендегідей көрсетілуі мүмкін:

2017 жыл	2017 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	Пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілген	2017 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық
Клиенттерге берілген кредиттер	(53,640)	-	(53,640)
Негізгі құралдар және МЕА	(1,804)	1,036	(768)
Басқа міндеттемелер	5,541	14,090	19,631
	(49,903)	15,126	(34,777)

2016 жыл	2016 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	Пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілген	2016 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық
Клиенттерге берілген кредиттер	(53,640)	-	(53,640)
Негізгі құралдар және МЕА	(1,472)	(332)	(1,804)
Банктердің шоттары мен депозиттері	838	(838)	-
Басқа міндеттемелер	3,617	1,924	5,541
	(50,657)	754	(49,903)

11. АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

	31.12.2017	31.12.2016
Кассадағы ақша қаражаттары	304,984	157,408
ҚРҰБ-гі «Ностро» шоттары	843,041	1,012,385
Басқа банктердегі «Ностро» шоттары		
- кредиттік рейтингісі А- бастап А+ дейін	2,265,208	1,062,301
- кредиттік рейтингісі BBB- бастап BBB+ дейін	-	255
- кредиттік рейтингісі BB- бастап BB+ дейін	69,346	-
- кредиттік рейтингісі В+	679	166,645
- кредиттік рейтингісі жоқ	76,188	15,767
Басқа банктердегі барлық «Ностро» шоттары	2,411,421	1,244,968
Ақша қаражаттарының баламалары		
ҚРҰБ жедел депозиттер		
Басқа банктердегі жедел депозиттер	8,759,314	3,363,581
- кредиттік рейтингісі -В+	998,816	-
Барлық ақша қаражаттары баламалары	9,758,130	3,363,581
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының жиыны	13,317,576	5,778,342

Кредиттік рейтингілер «Standard & Poor's» рейтингтік агенттігінің стандарттарына немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктерінің ұқсас стандарттарына сәйкес көрсетілген.

Ақша қаражаттары және олардың баламалары құнсызданған, мерзімі кешіктірілген болып табылмайды.

Минималды резервтерге қойылатын талаптар

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚРҰБ қаулысына сәйкес минималды резервтік талаптар банктің жиырма сегіз күнтізбелік күннің (2016 жылғы 31 желтоқсанда: жиырма сегіз күнтізбелік күннің) ішіндегі әртүрлі міндеттемелер топтарының белгілі бір үлестері сомаларының орташа мәні ретінде есептеледі. Банктер бұл талаптарды орташа резервтік активтерді орташа минималды талаптарға тең немесе олардан асатын орташа резервтік активтерді (кассадағы ұлттық валютадағы қолма қол ақшалар және банктің Ұлттық Банктегі ұлттық валютадағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтар түрінде) сақтау арқылы орындауға міндетті. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша минималды резерв сомасы 463,486 мың теңгені құрайды (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 328,983 мың теңге).

Ақша қаражаттарының және олардың баламаларының шоғырлануы

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің капиталдың 10% астам бөлігіне ие екі банкі бар (2016 жылғы 31 желтоқсанда: бір банк). Аталған банктердің 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдықтарының жиынтық көлемі 11,865,806 мың теңгені (31.12.2016: 4,375,966 мың теңгені) құрайды.

12. БАНКТЕРДЕГІ ШОТТАР МЕН ДЕПОЗИТТЕР

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің «Дельта Банк» АҚ-нда (бұдан әрі - «Дельта») 2017 жылғы 3 қазанда өтелуге тиіс 666,580 мың теңгені құрайтын депозиті бар. 2017 жылғы 4 қаңтарда депозиттік шарт бұзылып, ақша қаражаттары толық көлемде қайтарылды.

13. САТУҒА АРНАЛҒАН ҚОЛДА БАР ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

	31.12.2017	31.12.2016
Банктің меншігіндегі		
Борышқорлық қаржы құралдары:		
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық облигациялары	1,134,941	1,058,073
- «Самұрық-Қазына ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ облигациялары	-	241,226
	1,134,941	1,299,299

Сатуға арналған қолда бар қаржы активтері мерзімі кешіктірілген немесе құнсызданған болып табылмайды.

14. БАНКТЕРГЕ БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктерге берілген кредиттер 675,193 мың теңге сомаға В+ кредиттік рейтингісі бар жергілікті бір коммерциялық банкке берілген кредитті білдірді. 2017 жылы бұл кредит өтелді.

15. КЛИЕНТТЕРГЕ БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР

	31.12.2017	31.12.2016
Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер		
- Ірі кәсіпорындарға берілген кредиттер	2,210,981	4,942,902
- Шағын және орта кәсіпорындарға берілген кредиттер	6,897,813	4,596,527
Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттердің жиыны	9,108,794	9,539,429
Бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттер		
- Тұтынушылық кредиттер	2,552,141	2,441,855
Бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттердің жиыны	2,552,141	2,441,855
Құнсыздануға резерв	398,666	-
Резервті шегергенде клиенттерге берілген барлық кредиттер	11,262,269	11,981,284

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің берешегі 360 астам күнге кешіктірілген бір корпоративтік қарыз алушысы (2016 жылғы 31 желтоқсанда: біреу), берешегі 60-тан кем күнге кешіктірілген үш бөлшек сауда қарыз берушілері (2016 жылғы 31 желтоқсанда: үшеу) және берешегі 60 астам, бірақ 360 аз күнге кешіктірілген екі бөлшек сауда қарыз алушылары (2016 жылғы 31 желтоқсанда: екеу) бар. Құнсыздануға резервтерді ескермегенде, корпоративтік қарыз алушының жиынтық берешегі 606,066 мың теңгені (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 561,119 мың теңгені) және бөлшек сауда қарыз алушыларының берешегі– 68,077 мың теңгені (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 45,467 мың теңгені) құрайды.

2017 жылы құнсыздану резервінің сомасы 401,564 мың теңге мөлшерінде жеке негізде бағаланатын несиелер бойынша провизияларды құруды және 2 898 мың теңге мөлшерінде жеке негізде есептелген несиелер бойынша резервтерді есептен шығаруды қамтиды. Ұжымдық құнсыздану резерв кепілдердің артық өтеуінің себебінен есептелген жоқ. 2016 жылы мерзімі кешіктірілген берешекке резерв кепілдердің артық өтеуінің себебінен есептелген жоқ.

Бұрын келтірілген бағалаулардың өзгеруі кредиттердің құнсыздануына резерв мөлшеріне әсер етуі мүмкін. Мысалы, ақша қаражаттарының болжалды ағындарының ағымдағы сәтке таза келтірілген құны плюс/минус бір пайызға өзгерген жағдайда клиенттерге берілген кредиттердің құнсыздануына резервтің мөлшері, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай

15. КЛИЕНТТЕРГЕ БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР (жалғасы)

бойынша 112,623 мың теңгеге жоғары бола еді (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 119,813 мың теңгеге).

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік портфельдің құрамында талаптары өзгертілген және басқа жағдайда кешіктірілуі немесе құнсыздануы мүмкін болған, корпоративтік және бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттер 1,153,393 мың теңгені (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 1,120,538 мың теңгені) құрайды.

(а) Қамтамасыз етуді және несие қабілеттілігін күшейтудің басқа құралдарын талдау**(i) Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер**

Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер жеке негізде бағалануға және олардың құнсыздануы сыналға тиіс. Корпоративтік клиенттің жалпы несие қабілеттілігі әдетте оған берілген кредиттің сапасының ең маңызды индикаторы болады. Дегенмен, қамтамасыз ету бұл қосымша кепілдіктер болып табылады және Банк әдетте корпоративтік қарыз алушылардан оны ұсынуын сұрайды.

Төмендегі кестелерде корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер бойынша қамтамасыз ету және несие қабілеттілікті күшейтудің басқа да құралдары туралы қамтамасыз ету түрлері бойынша ақпарат келтірілген.

	Клиенттерге берілген кредиттердің баланстық құны	Есеп беретін күнгі жағдай бойынша бағаланған қамтамасыз ету үшін – қамтамасыз етудің әділ құны	Кредит берілген күнгі жағдай бойынша бағаланған қамтамасыз ету үшін – қамтамасыз етудің әділ құны	Қамтамасыз етудің әділ құны анықталмаған
2017 ж. 31 желтоқсан				
<i>Жеке құнсыздану белгілері жоқ кредиттер</i>				
Корпоративтік кепілдіктер (бас банк ұсынған, А+ кредиттік рейтингісіне ие)	2,645,700	-	-	2,645,700
Жылжымайтын мүлік	1,833,435	1,833,435	-	-
Ақша қаражаттары және депозиттер	96,417	96,417	-	-
Басқа қамтамасыз ету	3,769,738	-	3,769,738	-
	8,345,290	1,929,852	3,769,738	2,645,700
<i>Жеке құнсыздану белгілері бар кредиттер</i>				
Басқа қамтамасыз ету	364,838	364,838	-	-
	364,838	364,838	-	-
Корпоративтік клиенттерге берілген барлық кредиттер	8,710,128	2,294,690	3,769,738	2,645,700

15. КЛИЕНТТЕРГЕ БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР (жалғасы)**(a) Қамтамасыз етуді және несие қабілеттілігін күшейтудің басқа құралдарын талдау (жалғасы)****(i) Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер (жалғасы)**

	Клиенттерге берілген кредиттердің баланстық құны	Есеп беретін күнгі жағдай бойынша бағаланған қамтамасыз ету үшін – қамтамасыз етудің әділ құны	Кредит берілген күнгі жағдай бойынша бағаланған қамтамасыз ету үшін – қамтамасыз етудің әділ құны	Қамтамасыз етудің әділ құны анықталмаған
2016 ж. 31 желтоқсан				
<i>Жеке құнсыздану белгілері жоқ кредиттер</i>				
Корпоративтік кепілдіктер (бас банк ұсынған, А+ кредиттік рейтингісіне ие)	3,932,999	-	-	3,932,999
Жылжымайтын мүлік	3,284,890	3,284,890	-	-
Ақша қаражаттары және депозиттер	100,087	100,087	-	-
Басқа қамтамасыз ету	659,590	-	-	659,590
Қамтамасыз етусіз	1,000,744	-	-	-
	8,978,310	3,384,977	-	4,592,589
<i>Жеке құнсыздану белгілері бар кредиттер</i>				
Жылжымайтын мүлік	561,119	561,119	-	-
	561,119	561,119	-	-
Корпоративтік клиенттерге берілген барлық кредиттер	9,539,429	3,946,096	-	4,592,589

Жоғарыда келтірілген кестелерде артық құнсызданудың құны көрсетілмеген.

Корпоративтік клиенттерге берілген мерзімі кешіктірілмеген және құнсызданбаған кредиттерді өндіріп алу мүмкіндігі негізінен қамтамасыз ету құнынан гөрі қарыз алушының несие қабілеттілігіне байланысты болғандықтан, Банк әрбір есеп беретін күнгі жағдай бойынша қамтамасыз етудің құнын әрдайым бағаламайды.

Кредиттердің басым бөлігінде қамтамасыз етудің әділ құны есеп беретін күнгі жағдай бойынша анықталды. Қамтамасыз етудің құны туралы ақпарат бағалау жүргізілген болса, оның қай күні бағаланғанына байланысты көрсетілген.

Бірнеше құнсыздану түрлері бар кредиттер бойынша ақпарат қамтамасыз етуді бағалау үшін маңыздырақ болып табылатын қамтамасыз ету түрі бойынша ашылады.

(ii) Бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттер

Бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттер, негізінен, тұрғын жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілген. Банктің саясаты бойынша кредит сомасы мен кредит берілген күнгі кепіл құнының арасындағы арақатынас кемінде 60% құрау керек.

Төмендегі кестелерде бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттердің қамтамасыз етуі туралы ақпарат келтірілген:

15. КЛИЕНТТЕРГЕ БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР (жалғасы)**(a) Қамтамасыз етуді және несие қабілеттілігін күшейтудің басқа құралдарын талдау (жалғасы)****(ii) Бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттер (жалғасы)**

	Клиенттерге берілген кредиттердің баланстық құны	Есеп беретін күнгі жағдай бойынша бағаланған қамтамасыз ету үшін – қамтамасыз етудің әділ құны	Кредит берілген күнгі жағдай бойынша бағаланған қамтамасыз ету үшін – қамтамасыз етудің әділ құны	Қамтамасыз етудің әділ құны анықталмаған
2017 ж. 31 желтоқсан				
Мерзімі кешіктірілмеген	2,484,064	2,484,064	-	-
Мерзімі кешіктірілген	68,077	68,077	-	-
Бөлшек сауда клиенттеріне берілген барлық кредиттер	2,552,141	2,552,141	-	-
2016 ж. 31 желтоқсан				
Мерзімі кешіктірілмеген	2,396,389	2,396,389	-	-
Мерзімі кешіктірілген	45,466	45,466	-	-
Бөлшек сауда клиенттеріне берілген барлық кредиттер	2,441,855	2,441,855	-	-

Жоғарыда келтірілген кестелерде артық құнсызданудың құны көрсетілмеген.

(б) Кредиттік портфельді экономика салалары және географиялық аймақтар бойынша талдау

Кредиттер негізінен қызметін Қазақстан Республикасының аумағында төмендегі экономика салаларында жүргізетін клиенттерге берілді:

	31.12.2017	31.12.2016
Бөлшек сауда клиенттеріне берілген кредиттер	2,552,141	2,441,855
Жылжымайтын мүлік	2,326,871	1,564,072
Ақпарат және коммуникация	1,508,881	3,028,167
Саудалық	1,397,817	1,447,111
Жалдау, жалға беру және лизинг	1,054,736	935,525
Қаржы	790,379	630,852
Электр жабдықтарын өндіру	610,348	-
Жеке қызмет көрсету	275,579	172,137
Қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі	232,759	-
Құрылыс	168,651	64,100
Жарнама қызметі	130,502	76,906
Басқа металл емес минералдық өнім өндіру	81,632	100,087
Малдәрігерлік қызмет	34,616	-
Шикі мұнай және табиғи газ өндіру	-	1,000,744
Тау-кен өнеркәсібі/металлургия	-	442,637
Көлік	-	15,660
Басқа	97,357	61,431
	11,262,269	11,981,284

15. КЛИЕНТТЕРГЕ БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР (жалғасы)**(в) Кредиттерді өтеу мерзімдері**

Кредиттік портфельді құрайтын кредиттерді өтеу мерзімдері есеп беретін күнгі жағдай бойынша 24 (г) ескертпеде көрсетілген және есеп беретін күннен бастап кредиттік шарттар бойынша өтеу күндеріне дейінгі уақыт кезеңдерін білдіреді. Банктің беретін кредиттерінің қысқа мерзімділігін ескерсек, көрсетілген кредиттердің басым бөлігінің мерзімдері ұзартылуы мүмкін. Сәйкесінше, нақты кредиттерді өтеу мерзімдері кредиттік шарттарда қарастырылған өтеу мерзімдерінен айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін.

(г) Клиенттерге берілген кредиттердің шоғырлануы

2017 ж. және 2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің кредиттері бойынша қалдықтары капиталдың 10% астам бөлігін құрайтын екі қарыз алушысы бар. Аталған қарыз алушылардың кредиттері бойынша 2017 ж. және 2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдықтарының жиынтық көлемі сәйкесінше 3,719,980 және 4,530,417 мың теңгені құрайды.

16. ӨТЕУ МЕРЗІМІНЕ ДЕЙІН ҰСТАЛАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

	31.12.2017	31.12.2016
Банктің меншігіндегі		
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің		
Қазынашылық вексельдері	2,689,086	1,916,066
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноталары	1,031,414	
	3,720,500	1,916,066

Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялардың жалпы сомасы теңгеде және кредиттік рейтингісі «BBB-» болып табылатын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық вексельдерімен және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноталарымен келтірілген.

Инвестициялық саясат бойынша Банктің аталған бағалы қағаздарды өтеу мерзіміне дейін ұстап тұру ниеті мен мүмкіндігі бар. Шарттары бірдей ұқсас борышқорлық бағалы қағаздардың бағаларының ресми жарияланған белгіленімдері жергілікті қор биржасында қолжетімді болып табылады.

Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар құнсызданған және мерзімі кешіктірілген болып табылмайды.

«ҚАЗАҚСТАН ШИНХАН БАНКІ» АҚ

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақстандық мың теңгемен

17. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

	Компьютерлер	Көлік құралдары	Басқа	Материалдық емес активтер	Жалға алынған меншікті абаттандыру	Барлық
Нақты шығындар						
2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	81,514	12,586	60,305	50,406	147,099	351,910
Түсімдер	150	-	1,058	39,229	445	40,882
Істен шыққан негізгі құралдар	-	-	-	(2,856)	-	(2,856)
2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	81,664	12,586	61,363	86,779	147,544	389,936
Тозу және амортизация						
2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	(29,892)	(10,408)	(32,194)	(22,734)	(615)	(95,843)
Жыл ішінде есептелген тозу және амортизация	(9,451)	(397)	(5,471)	(8,848)	(29,435)	(53,602)
Істен шыққан негізгі құралдар	-	-	-	1,187	-	1,187
2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	(39,343)	(10,805)	(37,665)	(30,395)	(30,050)	(148,258)
2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баланстық құн	42,321	1,781	23,698	56,384	117,494	241,678
Нақты шығындар						
2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	67,026	12,586	57,512	44,895	-	182,019
Түсімдер	23,188	-	14,978	6,133	147,099	191,398
Істен шыққан негізгі құралдар	(8,700)	-	(12,185)	(622)	-	(21,507)
2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	81,514	12,586	60,305	50,406	147,099	351,190
Тозу және амортизация						
2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	(28,703)	(9,921)	(38,280)	(17,479)	-	(94,383)
Жыл ішінде есептелген тозу және амортизация	(8,152)	(487)	(3,519)	(5,484)	(615)	(18,257)
Істен шыққан негізгі құралдар	6,963	-	9,605	229	-	16,797
2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	(29,892)	(10,408)	(32,194)	(22,734)	(615)	(95,843)
2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баланстық құн	51,622	2,178	28,111	27,672	146,484	256,067

18. БАСҚА АКТИВТЕР

	31.12.2017	31.12.2016
Есептелген айыппұл мен өсімпұл	12,385	1,015
Басқа активтер	1,719	494
Барлық басқа қаржы активтері	14,104	1,509
Басқа алдын ала төлем	51,484	27,725
Болашақ кезеңдер шығыстары	24,464	75,278
Кепілдік жарна	23,863	23,863
Жалдау үшін алдын ала төлем	13,927	21,909
Бюджетке басқа төлемдер бойынша алдын ала төлемдер	10,118	27,260
Қызметкерлердің дебиторлық берешегі	1,227	548
Басқа активтер	37,735	1,167
	162,818	177,750
Құнсыздануға арналған резерв	(23,952)	-
Барлық басқа қаржылық емес активтер	138,866	177,750
Басқа барлық активтер	152,970	179,259

19. БАНКТЕРДЕГІ ШОТТАР МЕН ДЕПОЗИТТЕР

	31.12.2017	31.12.2016
«Востро» шоттары	249,717	1,444,036
Жедел депозиттер	-	601,678
	249,717	2,045,714

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің депозиттері капиталдың 10% жоғары болған бір банкі болған. Аталған банктің депозиттері бойынша 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдықтарының жиынтық көлемі 1,444,036 мың теңгені құраған.

20. КЛИЕНТТЕРДІҢ АҒЫМДАҒЫ ШОТТАРЫ МЕН ДЕПОЗИТТЕРІ

	31.12.2017	31.12.2016
Ағымдағы шоттар және талап еткенге дейінгі депозиттер		
- <i>Бөлшек сауда клиенттері</i>	879,295	836,391
- <i>Корпоративтік клиенттер</i>	2,405,241	2,017,119
	3,284,536	2,853,510
Жедел депозиттер		
- <i>Бөлшек сауда клиенттері</i>	1,704,988	841,016
- <i>Корпоративтік клиенттер</i>	6,913,853	4,480,651
	8,618,841	5,321,667
	11,903,377	8,175,177

Бұғатталған сомалар

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк клиенттерінің 118,284 мың теңге (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 126,497 мың теңге) сомасына депозиттері клиенттерге берілген кредиттер бойынша міндеттемелердің қамтамасыз етуі және Банктің берген теңгерімнен тыс кредиттік құрал болып табылады.

20. КЛИЕНТТЕРДІҢ АҒЫМДАҒЫ ШОТТАРЫ МЕН ДЕПОЗИТТЕРІ (жалғасы)**Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттерінің шоғырлануы**

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің шоттары мен депозиттері капиталдың 10% астам бөлігін құрайтын екі клиенті (2016 жылғы 31 желтоқсанда: біреу) бар. 2017 жылғы 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдықтардың жиынтық көлемі 3,695,013 мың теңгені (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 1,442,749 мың теңгені) құрады.

21. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАРЫЗДАРЫ

	31.12.2017	31.12.2016
ЕҚДБ берген қарыз	4,794,954	-
	4,794,954	-

2016 жылы Банк Еуропалық Қайта құру және Даму Банкімен 2 қарыз шартын жасасты:

- 25.01.2023 ж. дейін өтелетін 15,000,000 АҚШ долларына сайма-сай сомаға № 47953 Шағын және орта бизнесті қолдауға теңгемен қарыз беру шарты;
- 25.01.2023 ж. дейін өтелетін 5 000 000 АҚШ долларына сайма-сай сомаға № 47954 «Бизнестегі әйелдер» жобасын дамытуға теңгемен қарыз беру шарты.

Әрбір қарыз шарты 2 траншпен беріледі. Қарыз шартының талаптарына сәйкес әрбір траншты екі бөліп алу қарастырылған. Бірінші транш және екінші транштың бірінші бөлігі 2017 жылдың ішінде теңгемен алынды.

Қарыз бойынша пайыздық сыйақы қалқымалы мөлшерлемеммен есептеледі және шарттың талаптарына сәйкес тоқсан сайын төленеді. Есеп беретін кезеңнің соңында сыйақы мөлшерлемесі 7,9% құрады.

Банк жоғарыда келтірілген ақшаны тарту шарттарының талаптарын орындау бойынша белгілі бір қаржы міндеттемелерін сақтауға міндетті. Бұл міндеттемелерге қаржылық нәтижелердің көрсеткіштері үшін қолданылатын келісілген коэффициенттер жатады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк бұл міндеттемелердің ешқайсысын бұзбаған.

Қаржылық қызмет себепші болған міндеттемелердің қозғалысы

Төмендегі кестеде қаржылық қызметтің нәтижесінде міндеттемелердің өзгерістері, оған қоса ақша ағындары себепші болған өзгерістер, сондай-ақ ақша ағындарымен байланысты емес өзгерістер көрсетілген. Қаржылық қызмет себепші болған міндеттемелер бұл ақша ағындары ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепте болған ақша ағындары немесе болашақ ақша ағындары қаржылық қызметтен түскен ақша ағындары ретінде жіктелетін ақша ағындары.

	2016 жылғы 31 желтоқсанда	Ақша ағындары	Басқа өзгерістер*	2017 жылғы 31 желтоқсан
Халықаралық қаржы институттары берген қарыздар	-	4,796,350	(1,396)	4,794,954

*Басқа өзгерістерге пайыздық шығыстар мен пайыздар бойынша төлемдер жатады.

22. БАСҚА МІНДЕТТЕМЕЛЕР

	31.12.2017	31.12.2016
Жеткізушілердің кредиторлық берешегі	81,352	48,341
Банк операциялары бойынша кредиторлық берешек	13,412	-
Басқа міндеттемелер	9,779	1,217
Барлық басқа қаржылық міндеттемелер	104,543	49,558
Қызметкерлерге кредиторлық берешек	70,692	15,834
Демалыстар бойынша резерв	22,734	20,864
Салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер бойынша есептеулер	11,576	5,508
Басқа міндеттемелер	1,926	9
Барлық басқа қаржылық емес міндеттемелер	106,928	42,215
Барлық басқа міндеттемелер	211,471	91,773

23. АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ**(а) Шығарылған және қосымша төленген капитал**

Банктің шығаруға рұқсат етілген, шығарылған және айналымға салынған акционерлік капиталы 1,002,872 жай акциядан (2016 жылы: 1,002,872 жай акция) құралады. Барлық акциялардың номинал құны 10,000 теңгені құрайды.

Жай акциялардың иелері жарияланған сайын дивиденд алуға құқылы, сондай-ақ Банк акционерлерінің жылдық және жалпы жиналыстарында бір акцияға бір дауыс беру құқығына ие.

(б) Бір акциядан түсетін пайда

	31.12.2017	31.12.2016
Таза жыл ішіндегі пайда	185,282	479,981
Шығарылған жай акциялар саны	1,002,872	1,002,872
Бір акциядан түсетін пайда		
Бір акциядан түсетін базалық пайда, теңгемен	184.75	478.61

Банктің жай акциялары ашық нарыққа айналымға салынған, алайда Банк ХҚЕС (IAS) 33 «Бір акциядан түсетін пайда» талаптарына сәйкес есептелген бір акциядан түсетін таза пайданың мөлшері туралы ақпаратты ашу туралы шешім қабылдады.

(в) Резервтерді құру сипаты және мақсаты

Жалпы банктік тәуекелдер бойынша резерв

«Екінші деңгейдегі банктердің резервтік капиталының минималды мөлшерін белгілеу туралы» Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау және қадағалау комитетінің (бұдан әрі «ҚҚК») 2011 жылғы 31 қаңтардағы №196 Қаулысына (2013 жылы күші жойылған) енгізілген өзгерістерге сәйкес Банк резервтік капиталды бөлінбеген пайдадан соманы бөлуге жатпайтын резервтің құрамына ауыстыру арқылы құруға міндетті болған. Жыл сайын аударылуға тиісті сома жай акцияларды ұстаушыларға тиесілі дивидендтерді бөлу жылының алдындағы жыл ішіндегі таза пайданы алдыңғы жылғы жіктелген активтер мен шартты міндеттемелердің ұлғаю коэффициентіне көбейту ретінде есептелді (2006 жылғы 25 желтоқсанда ҚҚК шығарған «Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру ережесін бекіту туралы» ҚҚК №296 Қаулысына (2013 жылы күшін жойған) сәйкес). Мұндай ұлғаю пайыздық қатынаста 10% төмен емес және 100% жоғары емес болу керек еді.

23. АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ (жалғасы)

(в) Резервтерді құру сипаты және мақсаты (жалғасы)

Жалпы банктік тәуекелдер бойынша резерв (жалғасы)

«Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» №358 Қаулысына 2013 жылғы 25 желтоқсанда енгізілген түзетулерге сәйкес нормативті белгіленген резервтік капитал бөлінбеуге тиіс.

2017 жылғы және 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде Банк жалпы банктік тәуекелдер бойынша резервке ақша аударған жоқ.

Динамикалық резерв

«Екінші деңгейдегі банктердің динамикалық резервті қалыптастыру қағидаларын бекіту және динамикалық резервтің ең төмен мөлшерін, күтілетін шығындардың мөлшерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 мамырдағы № 137 Қаулысына сәйкес Банк Қаулыда белгіленген формуланы пайдаланып есептелетін динамикалық резерв құруға және резервтің мөлшері нөлден төмен болмауға тиіс. Қаулы 2013 жылғы 1 қаңтарда күшіне енді.

2014 жылы динамикалық резервті ҚРҰБ 2013 жылғы 31 желтоқсандағы деңгейде уақытша сақтап қойды.

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша динамикалық резервтің мөлшері 268,199 мың теңгені құрады және ол Банктің қаржылық жағдай туралы есебінде бөлінбеген пайданың құрамына кіргізілді.

(г) Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв

Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резервке активтерді тануды немесе олардың құнсыздануы тоқтаған кезге дейін әділ құнның жинақталған таза өзгеруі жатады.

(д) Дивидендтер

Банктің дивидендтерді жариялау және төлеу қабілеті Қазақстан Республикасы заңнама талаптарына сәйкес анықталады.

Жай акциялар бойынша дивидендтер олар есептелген кезеңдегі бөлінбеген пайданың бөлінуі ретінде көрсетіледі. 2017 және 2016 жылдардың ішінде дивидендтер жарияланған жоқ.

24. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Тәуекелдерді басқару банк қызметінің негізін құрайды және Банктің операциялық қызметінің елеулі элементі болып табылады. Нарықтық тәуекел, кредиттік тәуекел және өтімділік тәуекелі Банктің өз қызметін жүзеге асыру барысында тап болатын негізгі тәуекелдері болып табылады.

(а) Тәуекелдерді басқару саясаты және процедуралары

Банктің тәуекелдерді басқару саясаты Банктің шалдығатын тәуекелдерін анықтауға, талдауға және басқаруға, тәуекелдер лимиттерін және тиісті бақылауларды белгілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін және олардың белгіленген лимиттерге сәйкестігін үздіксіз бағалауға көзделген. Тәуекелдерді басқару процедуралары мен саясаты нарықтық жағдайдың, ұсынылатын банктік қызметтер мен өнімдердің және туындайтын тиімді саясаттың өзгерістерін көрсету мақсатымен жүйелі түрде қайта қаралады.

Банктің Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жүйесінің тиісінше жұмыс істеуі, негізгі тәуекелдердің басқарылуы және тәуекелдерді басқару саясаттары мен процедураларының мақұлданыуы, сонымен қатар ірі мәмілелердің мақұлданыуы үшін жауапкершілік көтереді.

24. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (жалғасы)

Банк Басқармасы мониторинг пен тәуекелдерді төмендету бойынша шараларды енгізу үшін жауапты болады және, Банк өз қызметін тәуекелдердің белгілі бір шектерінде іске асыратынын қадағалап жүреді. Банк Басқармасы міндеттеріне тәуекелдерді жалпы басқару мен қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуына бақылау жүргізу, және де қаржы, сондай-ақ, қаржы емес тәуекелдері бойынша анықтау, бағалау, басқару және есептер құраудың жалпы ережелері мен әдістерін қолдануды бақылау кіреді.

Несие және нарық тәуекелдері және өтімділік тәуекелі Несие комитеттері жүйесімен және Активтер мен пассивтерді басқару комитетімен (АПБК) бақыланады.

Ішкі және сыртқы тәуекел факторлары ұйым шегінде айқындалады және басқарылады. Тәуекелдер факторларының барлығын айқындауға және тәуекелдерді төмендету бойынша ағымдағы процедуралардың жеткіліктілік деңгейін анытауға ерекше көңіл бөлінеді. Кредиттік және нарықтық тәуекелдерді стандартты талдаумен қатар Банк Басқармасы жекелеген бағыттар бойынша сараптамалық баға алу мақсатымен операциялық бөлімшелермен жүйелі түрде кездесулер өткізу арқылы қаржылық және қаржылық емес тәуекелдерге мониторинг жүргізеді.

(б) Нарық тәуекелі

Нарық тәуекелі- нарық бағалары өзгеруінің салдарынан әділ құнның немесе болашақтағы ақша қаражаты ағындарының қаржы құралдары бойынша өзгеру тәуекелі. Нарық тәуекелі валюта тәуекелінен, сыйақы мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелінен және басқа да баға тәуекелдерінен тұрады. Нарық тәуекелі құбылмалы валюта бағамы мен пайыздық мөлшерлеменен қатар қаржы құралдарының қолайсыз бағасына байланысты туындайды

Нарық тәуекелін басқарудың міндеті қабылданған тәуекел үшін алынатын табыстылықтың оңтайлануын қамтамасыз ете отырып, нарық тәуекеліне шалдыққыштық жарамды параметрлердің шегінен тыс шықпауын басқару және бақылау болып табылады. Төраға басқаратын АПБК нарық тәуекелін және өтімділік тәуекелін басқару үшін жауапкершілік көтереді. Тәуекел-менеджмент бөлімінің ұсынымдарына негізделе отырып, АПБК нарық тәуекелі мен өтімділік тәуекелінің лимиттерін бекітеді.

Банк нарық тәуекелін жекелеген қаржы құралдары бойынша портфель мөлшеріне қатысты ашық позиция бойынша лимиттерді, сыйақы мөлшерлерінің өзгеру мерзімдерін, валюталық позицияны, шығындар лимиттерін белгілеу және олардың сақталуына нәтижелерін Басқарма қарайтын және бекітетін ұдайы мониторинг жүргізу арқылы басқарады.

(i) Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі – бұл нарықтық сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру салдарынан, әділ құнның немесе болашақ ақша қаражаты ағындарының өзгеру тәуекелі. Банк сыйақының басым нарықтық тәуекелдерінің оның қаржылық жағдайы мен ақша қаражаттарының ағындарына әсеріне шалдыққыш болып табылады. Мұндай құбылыстар пайыздық маржа деңгейін жоғарылатуы мүмкін, алайда олар оны төмендетуі де, сыйақы мөлшерлемелері кенеттен өзгерген жағдайда шығындардың пайда болуына алып келуі де мүмкін.

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі негізінен сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруіне мониторинг жүргізу арқылы басқарылады. Негізгі пайыздық қаржылық құралдар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдеріне қатысты 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақпарат төмендегідей көрсетілуі мүмкін:

24. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (жалғасы)**(б) Нарық тәуекелі (жалғасы)****(i) Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі (жалғасы)****Сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдерін талдау**

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі негізінен сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруіне мониторинг жүргізу арқылы басқарылады. Негізгі пайыздық қаржылық құралдар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдеріне қатысты 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қысқаша ақпарат төмендегідей көрсетілуі мүмкін:

	1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан көп	Пайызсыз	Барлығы
АКТИВТЕР							
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	8,759,314	998,816	-	-	-	3,559,446	13,317,576
Банктердегі шоттар мен депозиттер	-	-	-	320	-	-	320
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтері	-	-	43,541	266,598	824,802	-	1,134,941
Клиенттерге берілген кредиттер	643,453	588,884	5,119,976	3,969,169	940,787	-	11,262,269
Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар	-	20,596	1,582,343	2,117,561	-	-	3,720,500
	9,402,767	1,608,296	6,745,860	6,353,648	1,765,589	3,559,446	29,435,606
МІНДЕТТЕМЕЛЕР							
Банктердің шоттары мен депозиттері	-	-	-	-	-	249,717	249,717
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	6,894,382	22,765	2,444,501	-	-	2,541,729	11,903,377
Халықаралық қаржы институттары берген қарыздар	50,599	-	-	3,085,734	1,658,621	-	4,794,954
	6,944,981	22,765	2,444,501	3,085,734	1,658,621	2,791,446	16,948,048
	2,457,786	1,585,531	4,301,359	3,267,914	106,968	768,000	12,487,558

24. ТӘУЕКЕЛДЕРДЕ БАСҚАРУ (жалғасы)**(б) Нарық тәуекелі (жалғасы)****(i) Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі (жалғасы)****Сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдерін талдау**

Негізгі пайыздық қаржылық құралдар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдеріне қатысты 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қысқаша ақпарат төмендегідей көрсетілуі мүмкін:

	1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан көп	Пайызсыз	Барлығы
АКТИВТЕР							
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	3,363,581	-	-	-	-	2,414,761	5,778,342
Банктердегі шоттар мен депозиттер	-	-	666,580	320	-	-	666,900
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтері	-	3,968	280,799	-	1,014,532	-	1,299,299
Банктерге берілген кредиттер	8,613	-	666,580	-	-	-	675,193
Клиенттерге берілген кредиттер	727,340	1,353,781	6,103,749	3,068,670	727,744	-	11,981,284
Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар	-	-	1,046,607	869,459	-	-	1,916,066
	4,099,534	1,357,749	8,764,315	3,938,449	1,742,276	2,414,761	22,317,084
МІНДЕТТЕМЕЛЕР							
Банктердің шоттары мен депозиттері	-	-	601,678	-	-	1,444,036	2,045,714
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	3,443,395	1,708	1,738,724	-	-	2,991,350	8,175,177
	3,443,395	1,708	2,340,402	-	-	4,435,386	10,220,891
	656,139	1,356,041	6,423,913	3,938,449	1,742,276	(2,020,625)	12,096,193

24. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (жалғасы)**(б) Нарық тәуекелі (жалғасы)****(i) Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі (жалғасы)****Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемелері**

Төмендегі кесте 2017 және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайыздық мөлшерлемелер мен міндеттемелер бойынша орташа тиімді сыйақы мөлшерлемелерін көрсетеді:

	2017 ж. Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі, %		2016 ж. Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі, %	
	Теңге	АҚШ доллары	Теңге	АҚШ доллар ы
Пайыздық активтер				
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	9.03	2.30	10.97	
Банктердегі шоттар мен депозиттер	-	-	-	0.04
Банктерге берілген кредиттер	-	-	-	4.01
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтері	4.75	-	4.92	-
Клиенттерге берілген кредиттер	12.97	5.20	12.67	4.42
Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар	8.03	-	5.54	-
Пайыздық міндеттемелер				
Банктердің шоттары мен депозиттері				
- Жедел депозиттер	-	-	5.54	-
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері				
- Жедел депозиттер	7.16	0.73	7.33	0.92
Халықаралық қаржы ұйымдары берген қарыздар	8.32	-	-	-

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруіне сезімталдықты талдау

Сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарастыру мерзімдерінің талдауына негізделген сыйақы мөлшерлемелерін өзгерту тәуекелін басқару қаржы активтері мен міндеттемелерінің сезімталдығының мониторингімен толықтырылады. Кіріс немесе залал және капиталдың сыйақы мөлшерлемелерін (сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарастыру тәуекелі) өзгертуге сезімталдығын талдауды (салықтарды шегерумен) табыстылық қисықтарының сыйақы мөлшерлемелерінің ұлғаюына немесе азаюына қарай 100 базистік тармаққа қатар жылжуының оңайлатылған сценарийі мен 2017 және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданыстағы пайыздық активтер мен міндеттемелер бойынша қайта қарастырылған жайғасымдар негізінде құрылып, төмендегідей ұсынылуы мүмкін:

	2017 ж.		2016 ж.	
	Пайда немесе зиян	Капитал	Пайда немесе зиян	Капитал
Мөлшерлемелердің азаюына қарай 100 базистік тармаққа қатар жылжу	(42,317)	(42,317)	(29,164)	(29,164)
Мөлшерлемелердің ұлғаюына қарай 100 базистік тармаққа қатар жылжу	42,317	42,317	29,164	29,164

24. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (жалғасы)**(б) Нарық тәуекелі (жалғасы)****(i) Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі (жалғасы)****Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруіне сезімталдықты талдау (жалғасы)**

Пайданың немесе зиянның және капиталдың сатуға арналған қолда бар қаржы активтерінің сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі салдарынан әділ құнының өзгерістеріне сезімталдығына жасалған талдау (2017 және 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданыстағы позициялардың және табыстылық қисықтарының сыйақы мөлшерлемелерінің азаюына немесе көбеюіне қарай 100 базистік тармаққа қатар жылжуының ықшамдалған сценарийінің негізінде құрастырылған) төмендегідей көрсетілуі мүмкін:

	2017 ж.		2016 ж.	
	Пайда немесе зиян	Капитал	Пайда немесе зиян	Капитал
Мөлшерлемелердің азаюына қарай 100 базистік тармаққа қатар жылжу	-	47,068	-	51,936
Мөлшерлемелердің ұлғаюына қарай 100 базистік тармаққа қатар жылжу	-	(44,591)	-	(48,920)

(ii) Валюта тәуекелі

Банктің бірнеше шетел валютасында көрсетілген активі мен міндеттемесі бар.

Валюта тәуекелі деген – ол валюталардың айырбастау бағамдары өзгерістерінің салдарынан, әділ құнның немесе болашақтағы ақша қаражаты ағындарының қаржы құралы бойынша өзгерістері тәуекелі. Банк өзінің валюта тәуекеліне шалдықшылығын хеджирлейді деген фактіне қарамастан, мұндай операциялар хеджирлеу қатынастарын ХҚЕС бойынша белгілеуіне сәйкес келмейді. Қаржы активтері мен міндеттемелерінің валюталар тұрғысын құрылымы 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төмендегідей ұсынылуы мүмкін:

	Теңге	АҚШ доллары	Евро	Ресей рубльдері	Басқа	Барлығы
АКТИВТЕР						
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	9,052,469	4,184,533	79,779	679	116	13,317,576
Банктердегі шоттар мен депозиттер	320	-	-	-	-	320
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтері	1,134,941	-	-	-	-	1,134,941
Клиенттерге берілген кредиттер	10,180,466	1,081,803	-	-	-	11,262,269
Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар	3,720,500	-	-	-	-	3,720,500
Басқа қаржы активтері	13,698	406	-	-	-	14,104
Барлық активтер	24,102,394	5,266,742	79,779	679	116	29,449,710
МІНДЕТТЕМЕЛЕР						
Банктердің шоттары мен депозиттері	2,636	241,244	5,837	-	-	249,717
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	6,837,813	5,018,849	45,693	1,022	-	11,903,377
Халықаралық қаржы ұйымдары берген қарыздар	4,794,954	-	-	-	-	4,794,954
Басқа қаржы міндеттемелері	69,671	34,872	-	-	-	104,543
Барлық міндеттемелер	11,703,355	5,294,965	51,530	1,022	-	17,050,872
Таза позиция	12,399,039	(28,223)	28,249	(343)	116	12,398,838

24. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ (жалғасы)**(б) Нарық тәуекелі (жалғасы)****(ii) Валюта тәуекелі (жалғасы)**

